- a. **Размер бумаги (Қағаз өлшемі)** қалқымалы мәзірінен сәйкес хатқалта өлшемін таңдаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** **Қағаз өлшемі** параметрін өзгертсеңіз, дұрыс қағаз салынғандығын тексеріңіз.

- ә. Қалқымалы мәзірден **Қағаз түрі/Сапа** параметрін таңдаңыз және қағаз түрі параметрінің **Қарапайым қағаз** күйіне орнатылғанын тексеріңіз.

4. **Басып шығару** түймешігін басыңыз.

### Ең көп нүкте/дюйм ажыратымдылығын пайдалану арқылы басып шығару

Фотосурет қағаздарына жоғарғы сапалы, анық суреттерды басып шығару үшін, ең үлкен нүкте/дюйм өлшемін қолданыңыз.

Ең үлкен нүкте/дюйм өлшемінде басып шығаруға басқа параметрлерде басып шығаруға қарағанда ұзағырақ уақыт кетеді және оған дисктен үлкен бос орын қажет.



Қолданылатын басып шығару ажыратымдылықтарының тізімін қолдау тобының веб-сайтына кіріңіз: [HP DeskJet 3630 series www.hp.com/support](http://HP DeskJet 3630 series www.hp.com/support).

### Ең үлкен нүкте/дюйм режимінде басып шығару (Windows)

1. Бағдарламалық құралдан **Басып шығару** түймесін таңдаңыз.
2. Принтердің таңдалғандығын тексеріңіз.

3. **Свойства (Сипаттар)** тілқатысу терезесін ашатын түймешікті басыңыз.  
Бағдарламалық құрал қосымшасына байланысты бұл түймешік **Свойства** (Сипаттар), **Опции** (Параметрлер), **Установка принтера** (Принтерді орнату), **Свойства принтера** (Принтер сипаттары), **Принтер** немесе **Предпочтения** (Таңдаулы параметрлер) деп аталуы мүмкін.
4. **Бумага/Качество** (Қағаз/Сапа) қойындысын басыңыз.
5. **Носители** (Медиа құралы) ашылмалы тізімінен сәйкес қағаз түрін таңдаңыз.
6. **Дополнительный** (Қосымша) түймешігін басыңыз.
7. **Возможности принтера** (Принтер мүмкіндіктері) аймағындағы **Да** (Иә) түймешігін **Ең жоғарғы нүкте/дюйм өлшемі** ашылмалы терезесінен таңдаңыз.
8. **Размер бумаги** (Қағаз өлшемі) ашылмалы тізімінен сәйкес қағаз өлшемін таңдаңыз.
9. Жетілдірілген параметрлерді жабу үшін **OK** түймешігін басыңыз.
10. **Направление** (Бағыт) параметрін **Расположение** (Орналасу) қойындысында растап, басып шығару үшін **OK** түймешігін басыңыз.

### Ең үлкен нүкте/дюйм өлшемі арқылы басып шығару (OS X)

1. Бағдарламалық жасақтаманың **Файл (Файл)** мәзірінде **Печать (Басып шығару)** түймесін таңдаңыз.
  2. Принтердің таңдалғанын тексеріңіз.
  3. Басып шығару опцияларын орнатыңыз.  
Басып шығару диалогтық терезесінде опцияларды көрмесеңіз, **Мәліметтерді көрсету** түймесін басыңыз.
- 
-  **ЕСКЕРТПЕ:** Келесі параметрлер USB кабеліне жалғанған принтер үшін қол жетімді. Опциялардың орындары әр бағдарламада әртүрлі болады.
- 
- а. **Қағаз өлшемі** қалқымалы мәзірінен сәйкес қағаз өлшемін таңдаңыз.  
 **ЕСКЕРТПЕ:** **Қағаз өлшемі** параметрін өзгертсеңіз, дұрыс қағаз салынғандығын тексеріңіз.
  - ә. Қалқымалы мәзірден **Қағаз түрі/сапасы** параметрін таңдап, келесі параметрлерді таңдаңыз:
    - **Тип бумаги (Қағаздың түрі):** Сәйкес қағаз түрі
    - **Качество (Сапасы):** **Ең көп нүкте/дюйм**
  4. Басқа да қалаған басып шығару параметрлерін таңдап, **Печать (Басып шығару)** түймешігін басыңыз.

## Мобильді құрылғыдан басып шығару

HP мобильді басып шығару технологиясы арқылы смартфоннан немесе планшеттен принтерге оңай басып шығаруға болады.

Үйде немесе кеңседе болсаңыз, басып шығаруға смартфондағы не планшеттегі басып шығару мүмкіндігін пайдалану үшін:

1. Мобильді құрылғы мен принтер бір желіде екендігін тексеріңіз.
2. Басып шығарғыңыз келген фотосуретті немесе құжатты таңдап, кейін принтерді таңдаңыз.
3. Басып шығару параметрлерін растап, басып шығарыңыз.

Желіге кірмей-ақ басып шығару қажет болса, қосымша ақпарат алу үшін, [Принтерге маршрутизаторсыз сымсыз қосылым арқылы қосыңыз. \(73-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

Жолда болсаңыз, құжатты HP ePrint бағдарламасымен HP ePrint қосылған принтеріне электрондық хабар жіберу арқылы басып шығара аласыз. Қосымша ақпаратты [HP ePrint құрылғысымен басып шығару \(46-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін HP мобильді басып шығару веб-сайтына ( [www.hp.com/go/mobileprinting](http://www.hp.com/go/mobileprinting) ) кіріңіз.


## AirPrint құрылғысымен басып шығару

Apple компаниясының AirPrint мүмкіндігі арқылы басып шығару iPad (iOS 4.2), iPhone (3GS немесе кейінгі), iPod touch (үшінші шығарылым немесе кейінгі) және Mac (OS X 10.7 немесе кейінгі) үшін қолданылады.

AirPrint мүмкіндігін пайдалану үшін келесіні тексеріңіз:

- Принтер мен Apple құрылғысы AirPrint қосулы құрылғымен бірдей желіге қосылуы керек. AirPrint мүмкіндігі және оған үйлесімді HP құрылғылары туралы қосымша ақпарат алу үшін [www.hp.com/go/mobileprinting](http://www.hp.com/go/mobileprinting) бөліміне өтіңіз:
- Принтердің қағаз параметрлеріне сәйкес келетін қағазды салыңыз.

---

 **КЕҢЕС:** Принтер автоматты түрде анықтаған әдепкі қағаз өлшемін өзгертуге болады. Қосымша ақпарат алу үшін [Принтер анықтаған әдепкі қағаз өлшемін өзгерту \(21-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

---

## Дұрыс басып шығару туралы кеңестер

Дұрыс басып шығару үшін HP картридждері жеткілікті сиямен дұрыс жұмыс істеуі керек, қағазды дұрыс салу керек және принтерде тиісті параметрлер бар болуы керек.

Басып шығару параметрлері көшіруге немесе сканерлеуге қолданылмайды.

### Сия туралы кеңестер

- HP компаниясының сия картридждерін пайдаланыңыз.
- Қара және үш түсті картридждарды бірдей дұрыс орнатыңыз.  
Қосымша ақпарат алу үшін [Сия картридждерін ауыстыру \(62-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- Сияның жеткілікті екеніне көз жеткізу үшін картридждердегі есептелген сия деңгейлерін тексеріңіз  
Қосымша ақпарат алу үшін [Өлшенген сия деңгейлерін тексеру \(60-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- Егер басып шығару сапасы жарамсыз болса, қосымша ақпарат алу үшін [Басып шығару ақаулары \(92-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

### Қағаз салу кезіндегі кеңестер

- (Бір қағазды емес), қағаз дестесін салыңыз. Қағаз кептелісін болдырмау үшін дестедегі барлық қағаздың өлшемі мен түрі бірдей болуы керек.
- Қағаздың басып шығарылатын жағын жоғары қаратып салыңыз.
- Кіріс науасына салынған қағаздардың тегіс орналасқанына және ұштары бүгілмегеніне немесе жыртылмағанына көз жеткізіңіз.
- Барлық қағаздарға нық сәйкестендіру үшін кіріс науасындағы қағаз енінің бағыттауыштарын сәйкестендіріңіз. Кіріс науасындағы қағазды қағаз енінің бағыттауыштары майыстырмайтынын тексеріңіз.  
Қосымша ақпарат алу үшін [Медиа құралын салу \(17-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

### Принтер параметрлері туралы кеңестер (Windows)

- Әдепкі басып шығару параметрлерін өзгерту үшін, HP принтер бағдарламалық жасақтамасы ашып, **Басып шығару және сканерлеу**, кейін **Параметрлерді орнату** түймелерін басыңыз. принтер бағдарламалық жасақтамасы ашу туралы ақпарат алу үшін, [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\) \(26-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- Бір парақта басылып шығарылатын беттер санын таңдау үшін **Орналасу** қойындысындағы **Бір парақтағы беттер саны** ашылмалы тізімінен тиісті опцияны таңдаңыз.
- Қосымша басып шығару параметрлерін көру үшін **Орналасу** немесе **Қағаз/сапа** қойындысында **Қосымша опциялар** диалогтық терезесін ашу үшін **Қосымша** түймесін басыңыз.
  - **Сұр реңкте басып шығару:** Тек қара сияны пайдалану арқылы қара-ақ түсті құжатты басып шығаруға мүмкіндік береді. **Тек қара сия** параметрін таңдаңыз, содан кейін **ОК** түймесін

басыңыз. Сонымен қатар, жоғары сападағы қара және ақ суретті басып шығаруға мүмкіндік береді. **Жоғары сапалы сұр реңк** параметрін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

- **Бір парақта орналасатын беттер:** Бір парақта құжаттың бірнеше бетін басып шығарсаңыз, беттер ретін көрсетуге көмектеседі.



**ЕСКЕРТПЕ:** Орналасу қойындысында қарап шығу **Бір парақта орналасатын беттер** ашылмалы тізімінде таңдалған параметрлерге әсер етпейді.

- **НР нақты өмір технологиялары:** Бұл мүмкіндік жақсартылған басып шығару сапасы үшін суреттер мен сызбаларды тегістейді және анығырақ көрсетеді.
- **Кітапша:** Бірнеше беттік құжатты кітапша ретінде басып шығаруға мүмкіндік береді. Парақтың бір бетінде екі бетті орналастырады, кейінірек беттің ортасы бойынша кітапша ретінде бүктеуге болады. Түптеу әдісін ашылмалы тізімнен таңдаңыз, содан кейін **ОК** түймесін басыңыз.
  - **Кітапша-Сол жағы бойынша түптеу:** Түптелетін шеті кітапша ретінде бүктелгенде сол жақта пайда болады. Солдан оңға қарай оқитын болсаңыз, осы опцияны таңдаңыз
  - **Кітапша-Оң жағы бойынша түптеу:** Түптелетін шеті кітапша ретінде бүктелгенде оң жақта пайда болады. Оңнан солға қарай оқитын болсаңыз, осы опцияны таңдаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Орналасу қойындысында қарап шығу **Кітапша** ашылмалы тізімінде таңдалған параметрлерге әсер етпейді.

- **Басып шығарылатын беттер:** Тақ беттерді, жұп беттерді немесе барлық беттерді басып шығаруға мүмкіндік береді.
- **Жиексіз басып шығару:** Фотосуреттерді жиексіз басып шығару үшін осы мүмкіндікті таңдаңыз. Қағаздың барлық түрлері осы мүмкіндікке қолдау көрсетпейді. Қолдау көрсетілмейтін қағаз түрін **Мультимедиа** ашылмалы тізімінде таңдасаңыз, осы опцияның жанында ескерту белгішесін көресіз.
- **Бет жиектері:** Бір парақта құжаттың бірнеше бетін басып шығарсаңыз, беттерге жиектерді қосуға мүмкіндік береді.



**ЕСКЕРТПЕ:** Орналасу қойындысында қарап шығу **Бет жиектері** ашылмалы тізімінен таңдалғандарға әсер етпейді.

- Басып шығару параметрлерін орнату кезінде уақытты үнемдеу үшін басы шығару таңбашаларын пайдалануға болады. Басып шығару тіркесімі белгілі бір жұмыс түріне сәйкес келетін параметр мәндерін сақтайды, сонда барлық опцияларды бір рет басып орнатуға болады. Пайдалану үшін **Басып шығару тіркесімі** қойындысында басып шығарылатын бір тіркесімді таңдаңыз, содан кейін **ОК** түймесін басыңыз.

Жаңа басып шығару тіркесімін қосу үшін **Орналасу** немесе **Қағаз/сапа** қойындысында параметрлерді өзгерткеннен кейін, **Басып шығару тіркесімі** қойындысын басыңыз, **Басқаша сақтау** түймесін басып, атауды енгізіңіз, содан кейін **ОК** түймесін басыңыз.

Басып шығару тіркесімін жою үшін таңдаңыз, содан кейін **Жою** түймесін басыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Әдепкі басып шығару тіркесімдерін жоюға болмайды.

## Принтер параметрлері туралы кеңес (OS X)

- Басып шығару диалогтық терезесіндегі принтерге жүктелген қағаз өлшемін таңдау үшін **Қағаз өлшемі** қалқымалы мәзірін пайдаланыңыз.
- Басып шығару диалогтық терезесінде **Қағаз түрі/Сапа** қалқымалы мәзірін таңдаңыз және қажетті қағаз түрі мен сапаны таңдаңыз.
- Тек қара сияны пайдаланып қара және ақ құжатты басып шығару үшін қалқымалы мәзірдегі **Қағаз түрі/сапасы** аймағын таңдап, түрлі-түсті қалқымалы мәзірден **Сұр түс реңктері** параметрін таңдаңыз.

## Жазбалар

- HP компаниясының сия картридждері бірнеше рет жақсы нәтижелерге оңай қол жеткізу үшін жасалып, HP принтерлерімен және қағаздарымен тексеріледі.



**ЕСКЕРТПЕ:** HP компаниясы өздері шығармаған жабдықтардың сапасына немесе сенімді екендігіне кепілдік бере алмайды. HP компаниясы шығармаған жабдықтарды пайдалану нәтижесінен болған принтер қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстары кепілдікке кірмейді.

Егер HP компаниясының сия картридждерін сатып алғаныңызға сенімді болсаңыз, мына веб-сайтқа өтіңіз:

[www.hp.com/go/anticounterfeit](http://www.hp.com/go/anticounterfeit)

- Сия деңгейі ескертулері мен көрсеткіштері тек қана жоспарлау мақсатында ғана анықтауларды береді.



**ЕСКЕРТПЕ:** Сияның аз қалғандығы туралы ескерту хабарламасын алған кезде, ықтимал басып шығару кешігулерін болдырмау үшін ауыстыратын картридждің болғаны жөн. Басып шығару сапасы жарамсыз болмайынша сия картридждерін ауыстырудың қажеті жоқ.

- Құжатты қағаздың екі жағына да қолмен басып шығара аласыз.



---

## 4 Веб-қызметтерді қолдану

- [Веб-қызметтері дегеніміз не?](#)
- [Веб-қызметтерді орнату](#)
- [HP ePrint құрылғысымен басып шығару](#)
- [HP арқылы басып шығарылатындар: пайдалану](#)
- [HP Connected веб-торабын пайдалану](#)
- [Веб-қызметтерді жою](#)
- [Веб-қызметтерді пайдалану туралы кеңестер](#)

## Веб-қызметтері дегеніміз не?

### HP ePrint

- HP ePrint — HP компаниясының кез келген жерде, кез келген уақытта Интернет арқылы қосылған принтерде басып шығару мүмкіндігін беретін тегін қызметі. Принтерде веб-қызметтерді қосқан кезде принтерге тағайындалған электрондық пошта мекенжайына электрондық пошта жіберу сияқты қарапайым. Ешбір арнайы драйвер немесе бағдарламалық құрал қажет етілмейді. Электрондық поштаны жібере алатын болсаңыз, HP ePrint қызметін қолданып кез келген жерде басып шығаруға болады.

HP Connected ( [www.hpconnected.com](http://www.hpconnected.com) ) сайтына тіркелгі алуға жазылғаннан кейін HP ePrint жұмыс күйін қарауға, HP ePrint принтер кезегін басқаруға, басып шығару үшін принтердің HP ePrint электрондық пошта мекенжайын кім пайдалана алатынын бақылауға, HP ePrint анықтамасын алуға болады.

### HP арқылы басып шығарылатындар:

- HP арқылы басып шығарылатындар принтерден тікелей алдын ала пішімделген веб-мазмұнды оңай орналастыруға және басып шығаруға мүмкіндік береді. Құжаттарды интернетте сандық түрде де сканерлеуге және сақтауға болады.

HP арқылы басып шығарылатындар жанұя әрекеттері, жаңалықтар, саяхат, спорт, ас әзірлеу, фотосуреттер және т.б. үшін дүкен купондарынан алынған кең ақымды мазмұнды береді. Тіптен таңдамалы фотосурет тораптарынан желідегі суреттерді қарап шығуға және басып шығаруға болады.

Сондай-ақ, HP арқылы басып шығарылатындар принтерге бағдарлама мазмұнын жеткізуді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Принтерге арналған арнайы жасалған алдын ала пішімделген мазмұн ешбір қиылған мәтіннің немесе суреттердің және мәтіннің бір жолында ешбір қосымша беттердің болмауын білдіреді. Кейбір принтерлерде басып шығаруды алдын ала қарау экранында қағазды және басып шығару сапасының параметрлерін таңдауға болады.


# Веб-қызметтерді орнату


Веб-қызметтерді орнату алдында принтер сымсыз байланысты қолдану арқылы интернетке қосылғандығын тексеріңіз.

## Веб-қызметтерді орнату

1. Енгізілген веб-серверді (EWS) ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Енгізілген веб-серверді ашу \(80-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
2. **Веб-қызметтер** қойындысын басыңыз.
3. **Веб-қызметтерінің параметрлері** бөлімінен **Теңшеу** үймесін, **Продолжить** (Жалғастыру) түймесін басып, пайдалану шарттарын қабылдау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
4. Нұсқау берілсе, принтердің тексеруіне рұқсат етуді таңдап, принтер жаңартуларын орнатыңыз.

---

 **ЕСКЕРТПЕ:** Принтерді жаңарту қол жетімді болса, принтер жаңартуларды жүктейді және орнатады, кейінірек қайта бастаңыз. Веб-қызметтерді орнату үшін, нұсқауларды 1-қадамнан бастап қайталаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Прокси-параметрлеріне нұсқау берілсе және желіңіз прокси параметрлерін пайдаланса, прокси-серверлерді орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Қосымша ақпарат алу үшін желі әкімшісімен немесе желіні орнатқан адаммен хабарласыңыз.

---

5. Принтер серверге қосылған кезде, принтер мәліметтер бетін басып шығарады. Орнатуды аяқтау үшін ақпараттық беттегі нұсқауларды орындаңыз.

# HP ePrint құрылғысымен басып шығару



HP ePrint кез келген уақытта, кез келген жерден HP ePrint қосылған принтеріне басып шығару мүмкіндігін береді.

HP ePrint мүмкіндігін пайдаланбас бұрын принтер Интернет байланысымен қамтамасыз ететін белсенді желіге қосылғандығын тексеріңіз.

## Құжатты HP ePrint арқылы басып шығару


1. Веб-қызметтері орнатылғандығын тексеріңіз.

Қосымша ақпарат алу үшін [Веб-қызметтерді орнату \(45-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

2. Ақпараттық бетті басып шығару үшін, **HP ePrint** түймесі () мен **Ақпарат** түймесін () бір уақытта басып, беттен принтерге арналған электрондық пошта мекенжайын табыңыз.

3. Құжатты принтерге электрондық поштамен жіберіңіз.


- a. Компьютерде немесе мобильді құрылғыда электрондық пошта бағдарламасын ашыңыз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Компьютерде немесе мобильді құрылғыда электрондық пошта бағдарламасын қолдану туралы қосымша ақпарат алу үшін бағдарламамен берілген құжатты қараңыз.


- ә. Жаңа электрондық поштаны жасаңыз және құжатты басып шығару үшін тіркеңіз.

- б. Электрондық пошта хабарын принтердің электрондық пошта мекенжайына жіберіңіз.


Принтер тіркелген құжатты басып шығарады.


 **ЕСКЕРТПЕ:** «Кімге» өрісіне HP ePrint электрондық пошта мекенжайын ғана енгізіңіз. Басқа өрістерге кез келген қосымша электрондық пошта мекенжайларын енгізбеңіз. HP ePrint сервері «Кімге» өрісіне бірнеше электрондық пошта мекенжайы немесе «Көшірме» өрісіне қандай да бір мекенжай енгізілсе, электрондық поштаны басып шығару тапсырмаларын қабылдамайды.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Электрондық пошта хабары алынған кезде басылып шығарылады. Кез келген электрондық пошта сияқты оның қашан алынатынына және алынбайтынына кепілдік берілмейді. Принтер күйін HP Connected ([www.hpconnected.com](http://www.hpconnected.com)) сайтынан тексеруге болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Құжаттар мен HP ePrint бірге басып шығарғанда түпнұсқадан өзгеше болуы мүмкін. Түпнұсқалық құжаттан мәнері, пішімі және мәтін ағымы өзгеше болуы мүмкін. Жоғарғы сапамен басып шығарылуы тиіс (ресми құжаттар сияқты) құжаттарды, басып шығару құжаты қалай көрінетінін басқару үшін компьютердегі бағдарламадан басып шығаруға кеңес береді.

## HP ePrint құрылғысын өшіру үшін

- ▲ Принтердің басқару тақтасындағы **HP ePrint** түймесін () басыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Барлық веб-қызметтерді жою үшін [Веб-қызметтерді жою \(49-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

 [Қосымша ақпарат алу үшін желіге өту мақсатында осы жерді басыңыз.](#)

## HP арқылы басып шығарылатындар: пайдалану

HP компаниясының тегін HP арқылы басып шығарылатындар: қызметін орнату арқылы компьютерді пайдаланбастан вебтен беттерді басып шығарыңыз. Сіздің елде/аймақта қол жетімді бағдарламаларға байланысты бояу беттерін, күнтізбелерді, бас қатырғыштарды, рецепттерді, карталарды және т.б. басып шығара аласыз.

Қосымша ақпарат және нақты шарттарды алу үшін HP Connected веб-торабына өтіңіз: [www.hpconnected.com](http://www.hpconnected.com).

## HP Connected веб-торабын пайдалану

HP компаниясының тегін HP Connected веб-торабын пайдаланып HP ePrint үшін артық қауіпсіздікті орнатыңыз да, принтеріңізге электрондық пошта жіберуге рұқсат етілген электрондық пошта мекенжайларын көрсетіңіз. Сондай-ақ, сіз өнім жаңартуларын, қосымша бағдарламаларды және басқа тегін қызметтерді ала аласыз.

Қосымша ақпарат және нақты шарттарды алу үшін HP Connected веб-торабына өтіңіз:  
[www.hpconnected.com](http://www.hpconnected.com) .

## Веб-қызметтерді жою

Веб-қызметтерді жою үшін келесі қадамдарды аяқтаңыз:

1. Енгізілген веб-серверді (EWS) ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Енгізілген веб-серверді ашу \(80-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
2. **Веб-службы** (Веб-қызметтер) қойындысын басып, **Параметры веб-служб** (Веб-қызметтер параметрлері) бөліміндегі **Удалить веб-службы** (Веб-қызметтерді алып тастау) түймесін басыңыз.
3. **Удалить веб-службы** (Веб-қызметтерді алып тастау) түймесін басыңыз.
4. Принтерден веб-қызметтерді алып тастау үшін **Да** (Иә) түймесін басыңыз.

## Веб-қызметтерді пайдалану туралы кеңестер

- Фотосуреттерді желіде ортақ пайдалану және басып шығаруға тапсырыс беру туралы мәліметтер. [Қосымша ақпарат үшін желіге өту мақсатында осы жерді басыңыз.](#)
- Рецепттерді, купондарды және басқа мазмұнды вебтен оп-оңай басып шығару бағдарламалары туралы мәліметтер. [Қосымша ақпарат үшін желіге өту мақсатында осы жерді басыңыз.](#)



---

## 5 Көшіру және сканерлеу

- [Құжаттарды көшіру](#)
- [HP принтер бағдарламалық жасақтамасы арқылы сканерлеу](#)
- [Веб-сканерлеу көмегімен сканерлеу](#)
- [Сәтті көшіру және сканерлеу туралы кеңестер](#)

## Құжаттарды көшіру



**ЕСКЕРТПЕ:** Барлық құжаттар қалыпты сапада басып шығару күйінде көшіріледі. Көшіру кезінде басып шығару күйінің сапасын өзгертуге болмайды.

---



### Құжаттарды көшіру

1. Науаға қағазды салыңыз.

Қағаз салу туралы ақпарат алу үшін, [Медиа құралын салу \(17-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

2. Түпнұсқаны сканер әйнегінің алдыңғы оң жақ бұрышына төмен қаратып жүктеңіз.

Қосымша ақпарат алу үшін [Сканер әйнегіне түпнұсқаны салу \(22-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

3. Көшірме жасау үшін, **Начать копировать в черном цвете (Қара түсте басып шығаруды бастау)** () немесе **Начать копирование в черном цвете (Қара түсте көшіруді бастау)** түймесін () басыңыз.

Көшіру соңғы түйме басылғаннан кейін екі секундта басталады.



**КЕҢЕС:** Түймені бірнеше рет басу арқылы көшірме санын арттыра аласыз.

---

# HP принтер бағдарламалық жасақтамасы арқылы сканерлеу

- [Компьютерге сканерлеу](#)
- [Жаңа сканерлеу таңбашасын жасау \(Windows\)](#)
- [Сканерлеу параметрлерін өзгерту \(Windows\)](#)

## Компьютерге сканерлеу

Компьютерге сканерлемес бұрын HP принтерінің ұсынылған бағдарламалық құралы орнатылғандығын тексеріңіз. Принтер мен компьютер жалғанған және қосулы болуы қажет.

### Құжатты немесе фотосуретті файлға сканерлеу (Windows)

1. Түпнұсқаны сканер әйнегінің алдыңғы оң жақ бұрышына төмен қаратып жүктеңіз.
2. Принтердің бағдарламалық құралын ашу үшін, жұмыс үстеліндегі принтер белгішесін екі рет басыңыз немесе келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
  - **Windows 8.1:** Бастау терезесінің сол жақ төменгі бұрышындағы төмен көрсеткіні басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows 8:** Бастау терезесіндегі бос орынды тінтуірдің оң жағымен басып, бардарламалар жолағындағы **Барлық бағдарламалар** түймесін басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows XP, Windows Vista** және **Windows 7:** Компьютердің жұмыс үстелінен **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдап, **HP** түймесін басыңыз, содан соң принтерге арналған қалтаны басып, принтер атауы бар белгішені таңдаңыз.
3. Принтердің бағдарламалық құралында **Құжатты немесе фотосуретті сканерлеу** түймесін басыңыз.
4. Қажетті сканерлеу түрін таңдап, **Сканерлеу** түймесін басыңыз.
  - Құжатты (немесе фотосуретті) PDF файлы ретінде сақтау үшін **PDF ретінде сақтау** параметрін таңдаңыз.
  - Құжатты (немесе фотосуретті) сурет файлы ретінде сақтау үшін **JPEG ретінде сақтау** параметрін таңдаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Қандай да бір сканерлеу параметрін тексеру және өзгерту үшін, Сканерлеу диалогтық терезесінің оң жақ жоғары бөлігіндегі **Қосымша** сілтемесін басыңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін [Сканерлеу параметрлерін өзгерту \(Windows\) \(55-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

**Сканерлегеннен кейін көру құралын көрсету** параметрі таңдалған болса, алдын ала қарап алу экранында сканерленген суреттерге түзетулер жасай аласыз.

## Құжатты немесе фотосуретті электрондық поштаға сканерлеу (Windows)

1. Түпнұсқаны сканер әйнегінің алдыңғы оң жақ бұрышына төмен қаратып жүктеңіз.
2. Принтердің бағдарламалық құралын ашу үшін, жұмыс үстеліндегі принтер белгішесін екі рет басыңыз немесе келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
  - **Windows 8.1:** Бастау терезесінің сол жақ төменгі бұрышындағы төмен көрсеткіні басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows 8:** Бастау терезесіндегі бос орынды тінтуірдің оң жағымен басып, бағдарламалар жолағындағы **Барлық бағдарламалар** түймесін басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows XP, Windows Vista** және **Windows 7:** Компьютердің жұмыс үстелінен **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдап, **HP** түймесін басыңыз, содан соң принтерге арналған қалтаны басып, принтер атауы бар белгішені таңдаңыз.
3. Принтердің бағдарламалық құралында **Құжатты немесе фотосуретті сканерлеу** түймесін басыңыз.
4. Қажетті сканерлеу түрін таңдап, **Сканерлеу** түймесін басыңыз.

Тіркеме ретінде сканерлен файлды бар электрондық поштаның бағдарламалық құралын ашу үшін, **Электрондық хабар PDF ретінде** немесе **Электрондық хабар JPEG ретінде** параметрін таңдаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Қандай да бір сканерлеу параметрін тексеру және өзгерту үшін, Сканерлеу диалогтық терезесінің оң жақ жоғары бөлігіндегі **Қосымша** сілтемесін басыңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін [Сканерлеу параметрлерін өзгерту \(Windows\) \(55-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

**Сканерлегеннен кейін көру құралын көрсету** параметрі таңдалған болса, алдын ала қарап алу экранында сканерленген суреттерге түзетулер жасай аласыз.

## HP принтер бағдарламалық құралынан түпнұсқаны сканерлеу (OS X)

1. HP Scan (HP сканерлеу) пәрменін ашыңыз.

HP сканерлеу белгішесі қатты дисктің жоғарғы деңгейіндегі **Applications (Бағдарламалар)/ Hewlett-Packard** қалтасында орналасады.
2. **Сканерлеу** түймесін басыңыз.
3. Қажетті сканерлеу профилінің түрін таңдаңыз және экрандағы нұсқаулықтарды орындаңыз.

## Жаңа сканерлеу таңбашасын жасау (Windows)

Сканерлеуді жеңілдету үшін, жеке сканерлеу таңбашасын жасауға болады. Мысалы, фотосуреттерді көбіне JPEG пішімінде емес, PNG пішімінде сканерлеу және сақтау қажет болуы мүмкін.

1. Түпнұсқаны сканер әйнегінің алдыңғы оң жақ бұрышына төмен қаратып жүктеңіз.
2. Принтердің бағдарламалық құралын ашу үшін, жұмыс үстеліндегі принтер белгішесін екі рет басыңыз немесе келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

- **Windows 8.1:** Бастау терезесінің сол жақ төменгі бұрышындағы төмен көрсеткіні басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows 8:** Бастау терезесіндегі бос орынды тінтуірдің оң жағымен басып, бардарламалар жолағындағы **Барлық бағдарламалар** түймесін басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows XP, Windows Vista** және **Windows 7:** Компьютердің жұмыс үстелінен **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдап, **HP** түймесін басыңыз, содан соң принтерге арналған қалтаны басып, принтер атауы бар белгішені таңдаңыз.
3. Принтердің бағдарламалық құралында **Құжатты немесе фотосуретті сканерлеу** түймесін басыңыз.
  4. **Жаңа сканерлеу таңбашасын жасау** түймесін басыңыз.
  5. Толық атауын енгізіп, жаңа белгіше негізделетін бұрыннан бар таңбашаны таңдаңыз да, **Жасау** түймесін басыңыз.

Мысалы, фотосуреттер үшін жаңа таңбаша жасайтын болсаңыз, **JPEG ретінде сақтау** немесе **Электрондық хабар JPEG ретінде** параметрін таңдаңыз. Бұл сканерлеу кезінде графикамен жұмыс істеуге арналған опцияларды қолжетімді етеді.

6. Жаңа таңбашаның параметрлерін қажеттінше өзгертіп, таңбашаның оң жағындағы сақтау белгішесін басыңыз



**ЕСКЕРТПЕ:** Қандай да бір сканерлеу параметрін тексеру және өзгерту үшін, Сканерлеу диалогтық терезесінің оң жақ жоғары бөлігіндегі **Қосымша** сілтемесін басыңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін [Сканерлеу параметрлерін өзгерту \(Windows\) \(55-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

## Сканерлеу параметрлерін өзгерту (Windows)

Сканерлеу параметрлерін бір реттік қолданыс үшін өзгертуге немесе өзгерістерді түпкілікті сақтауға болады. Бұл параметрлер қағаз өлшемі мен бағыты, сканерлеу ажыратымдылығы, контраст пен көшірме сақталатын қалта орны сияқты опцияларды қамтиды.

1. Түпнұсқаны сканер әйнегінің алдыңғы оң жақ бұрышына төмен қаратып жүктеңіз.
2. Принтердің бағдарламалық құралын ашу үшін, жұмыс үстеліндегі принтер белгішесін екі рет басыңыз немесе келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
  - **Windows 8.1:** Бастау терезесінің сол жақ төменгі бұрышындағы төмен көрсеткіні басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows 8:** Бастау терезесіндегі бос орынды тінтуірдің оң жағымен басып, бардарламалар жолағындағы **Барлық бағдарламалар** түймесін басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows XP, Windows Vista** және **Windows 7:** Компьютердің жұмыс үстелінен **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдап, **HP** түймесін басыңыз, содан соң принтерге арналған қалтаны басып, принтер атауы бар белгішені таңдаңыз.
3. Принтердің бағдарламалық құралында **Құжатты немесе фотосуретті сканерлеу** түймесін басыңыз.

4. HP Scan диалогтық терезесінің оң жақ жоғарғы бөлігіндегі **Қосымша** сілтемесін басыңыз.

Толық параметрлер тақтасы оң жақ бөлікте пайда болады. Сол жақ баған әр бөлімнің ағымдағы параметрлерін жинайды. Оң жақ баған бөлектелген бөлімдегі параметрлерді өзгертуге мүмкіндік береді.

5. Бөлімдегі параметрлерді қарап шығу үшін, толық параметрлер тақтасының сол жағындағы бөлімді басыңыз.

Ашылмалы мәзірлерді пайдалана отырып, көптеген параметрлерді қарап шығуға және өзгертуге болады.

Кейбір параметрлер жаңа тақтаны көрсету арқылы ыңғайлылықты ұсынады. Олар параметрдің оң жағында + (қосу белгісімен) көрсетіледі. Толық параметрлер тақтасына оралу үшін, осы тақтадағы өзгерістерді қабылдау немесе одан бас тарту қажет.

6. Параметрлерді өзгертіп болған кезде келесі әрекеттердің бірін орындаңыз.

- **Сканерлеу** түймесін басыңыз. Сканерлеу аяқталғаннан кейін таңбаша өзгерістерін сақтау немесе қабылдамау сұралады.
- Таңбашаның оң жағындағы сақтау белгішесін, кейін **Сканерлеу** түймесін басыңыз.

[HP Scan бағдарламалық құралын пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін онлайн сілтемеге өтіңіз.](#) Әдістер туралы қосымша ақпарат:

- кескін файлының түрі, сканерлеу ажыратымдылығы және контраст деңгейлері сияқты сканерлеу параметрлерін реттеу.
- желі қалталарына және бұлт драйверлеріне сканерлеу.
- сканерлеудің алдында кескіндерді алдын ала қарау және реттеу.

## Веб-сканерлеу көмегімен сканерлеу

Интернетте сканерлеу веб-браузер арқылы компьютерге принтерден фотосуреттерді және құжаттарды сканерлеуге мүмкіндік беретін енгізілген веб-сервердің мүмкіндігі болып табылады.

Бұл мүмкіндік компьютерде принтер бағдарламалық құралын орнатпағанда да қол жетімді болады.



**ЕСКЕРТПЕ:** Әдепкіше интернетте сканерлеу мүмкіндігі өшірулі болады. Осы мүмкіндікті енгізілген веб-серверден қосуға болады.

EWS серверіндегі Интернетте сканерлеуді ашу мүмкін болмаса, желі әкімшісі оны ажыратқан болуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін желі әкімшісімен немесе желі орнатқан маманмен байланысыңыз.

### Веб-сканерлеуді қосу

1. Енгізілген веб-серверді (EWS) ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Енгізілген веб-серверді ашу \(80-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
2. **Параметрлер** қойындысын басыңыз.
3. **Қауіпсіздік** бөлімінде **Әкімші параметрлері** түймесін басыңыз.
4. Интернетте сканерлеу мүмкіндігін қосу үшін **Интернетте сканерлеу** параметрін таңдаңыз.
5. **Применить** (Қолдану) түймесін басыңыз.

### Интернетте сканерлеуді пайдаланып сканерлеу

Интернетте сканерлеу мүмкіндігі арқылы сканерлеу негізгі сканерлеу опцияларын ұсынады. Қосымша сканерлеу опцияларын немесе функционалдылығын алу үшін HP принтерінің бағдарламалық құралынан сканерлеңіз.

1. Түпнұсқаны сканер әйнегінің алдыңғы оң жақ бұрышына төмен қаратып жүктеңіз.  
Қосымша ақпарат алу үшін [Сканер әйнегіне түпнұсқаны салу \(22-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
2. Енгізілген веб-серверді (EWS) ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Енгізілген веб-серверді ашу \(80-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
3. **Сканерлеу** қойындысын басыңыз.
4. Сол жақ тақтадағы **Веб-сканерлеу** түймесін басып, параметрлерді өзгертіңіз де, **Сканерлеуді бастау** түймесін басыңыз.

## Сәтті көшіру және сканерлеу туралы кеңестер

Сәтті көшіру және сканерлеу үшін келесі кеңестерді пайдаланыңыз:

- Әйнек пен қақпақтың артын таза ұстаңыз. Сканер кез келген дақты немесе белгіні сканерленетін кескіннің бөлігі ретінде таниды.
- Түпнұсқаны әйнектің алдыңғы оң жақ бұрышына төмен қаратып жүктеңіз.
- Шағын түпнұсқаның үлкен көшірмесін жасау үшін түпнұсқаны компьютерге сканерлеңіз, сканерлеу бағдарламасындағы кескін өлшемін өзгертіңіз, содан кейін үлкейтілген кескіннің көшірмесін басып шығарыңыз.
- Дұрыс емес немесе жоқ сканерленген мәтінді болдырмау үшін бағдарламада жарықтық тиісті түрде орнатылғанын тексеріңіз.



---

## 6 Сия картриждерін басқару

Осы бөлімде төмендегідей тақырыптар бар:

- [Өлшенген сия деңгейлерін тексеру](#)
- [Сия жабдықтарына тапсырыс беру](#)
- [Сия картриждерін ауыстыру](#)
- [Жалғыз картридж күйін пайдалану](#)
- [Сия картриджының кепілдігі туралы мәлімет](#)
- [Картриждармен жұмыс істеу туралы кеңестер](#)

## Өлшенген сия деңгейлерін тексеру

Картриджді қашан ауыстыру керектігін анықтау үшін сия жабдығының деңгейін оңай тексеруге болады. Сия жабдығының деңгейі картридждерде қалған сия көлемін анықтап көрсетеді.

### Сия деңгейін принтер басқару тақтасынан тексеру

- Принтер дисплейіндегі **Сия деңгейі** белгішелері сия картриджінде қалған сияның болжалды мөлшерін көрсетеді.


**Сия деңгейі** белгішелері туралы қосымша ақпарат алу үшін, [Басқару панелінің шамдары мен дисплей белгішелерінің күйі \(8-бет\)](#) бөлімін қараңыз.


### HP бағдарламалық құралынан сия деңгейін тексеру принтер бағдарламалық жасақтамасы (Windows)


1. HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\) \(26-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
2. принтер бағдарламалық жасақтамасы ішінде **Анықталған сия деңгейі** қойындысын басыңыз.

### HP бағдарламалық құралынан сия деңгейін тексеру принтер бағдарламалық жасақтамасы (OS X)

1. HP қызметтік бағдарламасы ашыңыз.  
HP қызметтік бағдарламасы белгішесі **Hewlett-Packard** қалтасында орналасады, ол қатты дискінің жоғарғы деңгейінде **Приложения** (Бағдарламалар) қалтасында болады.
2. Терезенің сол жағындағы құрылғылар тізімінен HP DeskJet 3630 series таңдаңыз.
3. **Жабдықтар күйі** түймешігін басыңыз.  
Анықталған сия деңгейлері шығады.
4. **Ақпарат және Қолдау** аймағына қайта оралу үшін **Барлық параметрлер** түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Қайта толтырылған немесе қайта шығарылған сия картриджін немесе басқа принтерде қолданылған картриджді орнатқан болсаңыз, сия көрсеткіші дұрыс емес немесе қол жетімсіз болуы мүмкін.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Сия деңгейі ескертулері мен көрсеткіштері тек қана жоспарлау мақсатында ғана анықтауларды береді. Сияның аз қалғандығы туралы ескерту хабарламасын алған кезде, ықтимал басып шығару кешігулерін болдырмау үшін ауыстыратын картридждің болғаны жөн. Басып шығару сапасы жарамсыз болмайынша сия картридждерін ауыстырудың қажеті жоқ.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Сия картридждеріндегі сия басып шығарудың әр түрлі әдістерінде қолданылады, соның ішінде басып шығаруға принтер мен картриджді дайындайтын бастапқы күйді және принтер қондырмасының таза болуын және сияның тегіс ағуын қамтамасыз ететін басып шығару механизмінің қызметі. Сондай-ақ, қалдық сия қолданылғаннан кейін картрижде қалып қояды. Қосымша ақпаратты [www.hp.com/go/inkusage](http://www.hp.com/go/inkusage) торабынан қараңыз.

# Сия жабдықтарына тапсырыс беру

Картридждарға тапсырыс берместен бұрын, картридждың дұрыс нөмірін табыңыз.

## Принтердегі картридж нөмірін табу

- Картридж нөмірі картридждың алдыңғы есігінде орналасқан.



## принтер бағдарламалық жасақтамасы бағдарламалық құралынан картридж нөмірін табу (Windows)

1. HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\) \(26-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
2. принтер бағдарламалық жасақтамасы ішінде **Дүкен** түймесін басыңыз, **Онлайн режимінде жабдықтарды сатып алу** түймесін басыңыз, содан кейін экрандағы нұсқаулықтарды орындаңыз.

## Басып шығару картриджы қайта тапсырыс берген нөмірлерді табу (OS X)

1. HP қызметтік бағдарламасы ашыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** HP қызметтік бағдарламасы белгішесі **Hewlett-Packard** қалтасында орналасады, ол қатты дискінің жоғарғы деңгейінде **Приложения** (Бағдарламалар) қалтасында болады.

2. **Жабдықтар туралы ақпарат** түймешігін басыңыз.

Басып шығару картриджы тапсырыс берген нөмірлер шығады.

3. **Ақпарат және Қолдау** аймағына қайта оралу үшін **Барлық параметрлер** түймешігін басыңыз.

Түпнұсқалық HP DeskJet 3630 series HP жабдықтарына тапсырыс беру үшін, [www.hp.com/buy/supplies](http://www.hp.com/buy/supplies) бөліміне өтіңіз. Принтеріңіз үшін дұрыс картриждерді табу үшін, сұралған болса, еліңізді/аймағыңызды таңдап, сұрауларды орындаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Барлық елдерде/аймақтарда картриждерге желіде тапсырыс беруге қолдау көрсетілмейді. Егер ол еліңізде/аймағыңызда қол жетімді болмаса, жергілікті HP дүкенін аралап жүргенде жабдықтар туралы ақпаратты қарауға немесе анықтама үшін бір тізімді басып шығарып алуға болады.


# Сия картридждерін ауыстыру

## Сия картридждарын ауыстыру


1. Қуат қосулы тұрғанын тексеріңіз.
2. Шығыс науасының ұзартқышын жауып, шығыс науасын принтерге салу үшін, оны сағат тілінің бағымен айналдырыңыз.




3. Сия картриджді алып тастаңыз.
  - a. Принтердің алдыңғы есігін ашыңыз.



- ә. Картридждің ету есігін ашып, басып шығару жылжымасының принтердің ортасына өткенін күтіңіз.




6. Картриджді босату үшін төмен басып, оны ұясынан шығарып алыңыз.





4. Жаңа картридж салыңыз.

- а. Картриджді орауыштан шығарыңыз.



- ә. Тарту ілмегін қолданып пластикалық таспаны алып тастаңыз.




 **ЕСКЕРТПЕ:** Сия картриджіндегі электр байланыстарына тиіспеңіз.

- б. Сия картриджі орнына тырс етіп салынғанша оны ұясына қарай сырғытыңыз.




- в. Картриджға қол жеткізу есігін жабыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** HP принтер бағдарламалық жасақтамасы жаңа картриджді орнатқаннан кейін құжатты басып шығарған кезде картридждерді туралауды сұрайды.

- г. Принтердің алдыңғы есігін жабыңыз.




5. Шығыс науасы мен науа ұзартқышын алыңыз.



## Жалғыз картридж күйін пайдалану

Принтерді бір картриджбен ғана пайдалану үшін, жалғыз картриджді режимді пайдаланыңыз. Сия картриджі сия картриджы орнынан шығарылған кезде, жалғыз картриджды режим іске қосылады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Принтер жалғыз картриджді режимде жұмыс істегенде, компьютер экранында хабар көрсетіледі. Хабар көрсетілсе және өнімге екі сия картриджы орнатылса, пластик таспаның қорғаныш бөлігінің сия картриджынан алынғанын тексеріңіз. Пластик таспа басып шығару картриджінің түйіспе беттерін жауып қалса, өнім орнатылған басып шығару картриджін анықтай алмайды. Картридждерде пластмасса таспа болмаса, картридж байланыстарын тазартып көріңіз. Сия картриджінің байланыстары туралы ақпарат алу үшін, [Сия картриджіндегі ақаулар \(89-бет\)](#) бөлімін қараңыз.


### Жалғыз картриджді режимнен шығу

- Принтерге қара және үш түсті картридждерді салыңыз.

## Сия картриджының кепілдігі туралы мәлімет

HP картриджының кепілдігі өнім тағайындалған HP басып шығару құрылғысында пайдаланылғанда қолданыста болады. Осы кепілдіктің күші қайта толтырылған, қайта өңделген, жөнделген, дұрыс пайдаланылмаған немесе қолдан жасалған HP сия өнімдеріне қатысты қолданылмайды.

Кепілдік кезінде HP сиясы таусылып қалмаса және кепілдік күнінің соңына жетпесе, ол өнімге қолданылады. ЖЖЖЖ/АА/КК пішімінде берілген кепілдік мерзімінің аяқталу күнін өнімнен көруге болады:



Принтердің HP шектеулі кепілдік мәлідемесін өніммен бірге келген басып шығарылған құжаттардан қараңыз.



## Картридждармен жұмыс істеу туралы кеңестер

Картридждармен жұмыс істегенде мына кеңестерді пайдаланыңыз:

- Картридждердің өшіп қалуына жол бермеу үшін принтерді әрдайым **Қуат** түймесін басу арқылы өшіріңіз және **Қуат** түймесінің жарығы өшкенін күтіңіз.
- Орнатуға дайын болмайынша қақпақсыз картридждерді ашпаңыз. Картридждерде қақпақтарды қалдыру сияның булануын азайтады.
- Картридждарды сәйкес ұяларына салыңыз. Әр картридждың түсін және белгішесін әр ұяның түсі мен белгішесіне сәйкестендіріңіз. Барлық картридждердің орнына түсуін тексеріңіз.
- Басып шығарудың үздік сапасына қол жеткізу үшін принтерді туралаңыз. Қосымша ақпаратты [Басып шығару ақаулары \(92-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.
- Өлшенген сия деңгейлері экранында бір немесе екі картридж деңгейін төмен деп көрсетсе, басып шығаруда болуы мүмкін кідіріске жол бермеу үшін алмастыру картридждерін алуды ұмытпаңыз. Басып шығару сапасы ұнамсыз болмайынша картридждарды ауыстырудың қажеті жоқ. Қосымша ақпаратты [Сия картридждерін ауыстыру \(62-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.
- Егер қандай да себепке байланысты картриджді принтерден шығарған болсаңыз, оны мүмкіндігінше тез қайта қоюға тырысыңыз. Қорғалмаған жағдайда, картридждер принтер сыртында құрғай бастайды.





---

## 7 Принтерді жалғау

- [Принтерді маршрутизатор арқылы сымсыз байланыс желісіне қосу](#)
- [Принтерге маршрутизаторсыз сымсыз қосылым арқылы қосыңыз.](#)
- [Сымсыз қосылым параметрлері](#)
- [Принтерді USB кабелімен компьютерге жалғау \(желі байланысы емес\)](#)
- [USB қосылымын сымсыз желі қосылымына өзгерту](#)
- [Принтердің қосымша бақару құралдары \(желілік принтерлер үшін\)](#)
- [Желілік принтерді орнату және пайдалану туралы кеңестер](#)

# Принтерді маршрутизатор арқылы сымсыз байланыс желісіне қосу


 **КЕҢЕС:** Сымсыз байланыс туралы қысқаша нұсқаулықты басып шығару үшін, **Ақпарат** түймесін () үш секунд басып тұрыңыз.

- [Принтерді Wi-Fi Protected Setup \(WPS\) арқылы сымсыз байланыс желісіне қосу](#)
- [Принтерді HP принтер бағдарламалық жасақтамасы арқылы сымсыз желіге қосу](#)

## Принтерді Wi-Fi Protected Setup (WPS) арқылы сымсыз байланыс желісіне қосу

Принтерді WPS арқылы сымсыз байланыс желісіне қоспас бұрын келесіні тексеріңіз:


- WPS қосылған сымсыз маршрутизатор немесе кіру нүктесін қамтитын сымсыз 802.11 b/g/n желісі.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Принтер 2,4 Гц пайдаланатын байланыстарды ғана қолдайды.

- Принтерді жалғағыңыз келетін компьютер сымсыз желіге қосылған. Компьютерге HP принтерінің бағдарламалық құралы орнатылғанын тексеріңіз.

Егер WPS басу түймешігі бар Wi-Fi Protected Setup (WPS) маршрутизаторы бар болса, **Басу түймешігі әдісін** орындаңыз. Маршрутизаторда басу түймешігінің бар-жоғын білмесеңіз, **PIN әдісін** орындаңыз.

### Басу түймесінің конфигурациялау (PBC) әдісін пайдалану


1. WPS басу режимін қосу үшін **Сымсыз** түймесін () үш секундтан ұзақ уақыт бойы басып тұрыңыз. **Сымсыз** шамы жыпылықтай бастайды.
2. Маршрутизатордағы WPS түймесін басыңыз.



 **ЕСКЕРТПЕ:** Құрылғы сымсыз байланыс орнатылғанша шамамен екі минуттай таймерді көрсетеді.

## PIN әдісін пайдалану

1. Желі конфигурациясы бетін басып шығару үшін **Сымсыз** түймесі ((**q**)) мен **Ақпарат** түймесін (**i**) бір уақытта басыңыз, сонан соң WPS PIN кодын орналастырыңыз.  
Беттің жоғарғы жағында WPS PIN коды басып шығарылады.
2. Принтер басқару тақтасындағы **Сымсыз** түймесін ((**q**)) үш секундтан ұзақ уақыт бойы басып тұрыңыз. Сымсыз байланыс шамы жыпылықтап бастайды.
3. Сымсыз қосылым маршрутизаторы немесе сымсыз қатынас нүктесіне арналған конфигурациялық қызмет бағдарламасын немесе бағдарламалық жасақтаманы ашыңыз және WPS PIN кодын енгізіңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Конфигурациялық қызмет бағдарламасын пайдалану туралы қосымша ақпаратты алу үшін маршрутизатормен немесе сымсыз қатынас нүктесімен бірге берілген құжатты қараңыз.

Екі минуттай күте тұрыңыз. Принтер сәтті қосылса, **Сымсыз** шамы жыпылықтауды тоқтатып, тек жанып тұрады.

## Принтерді HP принтер бағдарламалық жасақтамасы арқылы сымсыз желіге қосу

Принтерді біріктірілген сымсыз WLAN 802.11 желісіне қосу үшін келесі әрекетті орындау керек:

- Сымсыз маршрутизаторды немесе кіру нүктесін қамтитын сымсыз 802.11b/g/n желісі болу керек.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Принтер 2,4 Гц пайдаланатын байланыстарды ғана қолдайды.


- Принтерді жалғағыңыз келетін компьютер сымсыз желіге қосылған.
- Желі атауы (SSID).
- WEP түймесі немесе WPA құпиясөз орамы (қажет болса).

## HP принтер бағдарламалық жасақтамасы арқылы принтерді жалғау (Windows)

1. HP принтер бағдарламалық жасақтамасы орнатылғандығына байланысты келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

### Компьютерде HP принтер бағдарламалық жасақтамасы орнатылмаған болса

- a. принтер бағдарламалық жасақтамасы бағдарламасын жүктеп алу және орнату үшін, [123.hp.com](http://123.hp.com) веб-сайтына өтіңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бағдарламалық құралды орнату кезінде принтер мен компьютер арасында уақытша байланыс орнату үшін USB кабелі қажет болуы мүмкін. Принтердің бағдарламалық құралы USB кабелін ажыратуды сұрамағанға дейін оны ажыратпаңыз.

- ә. Орындау сұралған кезде **Сымсыз** параметрін таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

### Компьютерде HP принтер бағдарламалық жасақтамасы орнатылған болса

- a. принтер бағдарламалық жасақтамасы бөлімін ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\) \(26-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
  - ә. принтер бағдарламалық жасақтамасы бөлімінде **Қызметтік бағдарламалар** түймесін басыңыз.
  - б. **Принтерді және бағдарламалық құралды орнату** параметрін таңдаңыз.
  - в. **Жаңа принтерді жалғау, Сымсыз** түймелерін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
2. Принтер сәтті қосылған соң, көк **Сымсыз** шамы жыпылықтауды тоқтатып, қосулы тұрады.

### HP принтер бағдарламалық жасақтамасы арқылы принтерді жалғау (OS X)

1. HP принтер бағдарламалық жасақтамасы орнатылғандығына байланысты келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

#### Компьютерде HP принтер бағдарламалық жасақтамасы орнатылмаған болса

- a. Компьютерге принтер бағдарламалық жасақтамасы ықшам дискісін салыңыз.
- ә. Бағдарламалық құрал CD дискісіндегі HP орнату құралы белгішесін екі рет басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

#### Компьютерде HP принтер бағдарламалық жасақтамасы орнатылған болса

- a. HP қызметтік бағдарламасының белгішесін екі рет басыңыз (**Hewlett-Packard** қалтасында орналасады, ол қатты дискінің жоғарғы деңгейінде **Бағдарламалар** қалтасында орналасқан).
  - ә. Экранның жоғары жағындағы мәзір жолағында орналасқан Құрылғылар мәзірінен **Жаңа құрылғыны орнату** параметрін таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
2. Принтер сәтті қосылған соң, көк **Сымсыз** шамы жыпылықтауды тоқтатып, қосулы тұрады.

### Жаңа принтерді жалғау (Windows)

1. принтер бағдарламалық жасақтамасы бөлімін ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\) \(26-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
2. принтер бағдарламалық жасақтамасы бөлімінде **Қызметтік бағдарламалар** түймесін басыңыз.
3. **Принтерді орнату және бағдарламалық құрал** параметрін таңдаңыз.
4. **Жаңа принтер қосу параметрін** таңдаңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

### Жаңа принтерді жалғау (OS X)

1. **Жүйе параметрлері** ашыңыз.
2. Операциялық жүйеге байланысты **Print & Fax** (Басып шығару, Факс), **Print & Scan** (Принтер, Сканерлеу) түймесін немесе **Аппараттық құрал** бөліміндегі **Принтерлер және сканерлер** түймесін басыңыз.
3. Сол жақтағы принтерлердің тізімінен төмендегі + түймесін басыңыз.
4. Тізімнен жаңа принтер таңдаңыз.

# Принтерге маршрутизаторсыз сымсыз қосылым арқылы қосыңыз.

Бұрыннан бар сымсыз желіге қосылмай-ақ, Wi-Fi Direct арқылы компьютерден, смартфоннан, планшеттен немесе сымсыз жұмыс істейтін құрылғыдан сымсыз түрде басып шығара аласыз.

## Wi-Fi Direct құрылғысын пайдалану нұсқаулықтары

- Компьютеріңіздің немесе мобильді құрылғыңыздың қажетті бағдарламалық құралы бар екенін тексеріңіз:
  - Егер компьютер қолданып жатқан болсаңыз, HP принтер бағдарлама жасақтамасы орнатылғанын тексеріңіз.

Егер HP принтерінің бағдарламалық құралы компьютерге орнатылмаған болса, алдымен Wi-Fi Direct байланысын қосып, принтердің бағдарламалық құралын орнатыңыз. Принтердің бағдарламалық құралы байланыс түрін сұраған кезде **Сымсыз** параметрін таңдаңыз.
  - Егер мобильді құрылғы пайдаланып жатқан болсаңыз, үйлесімді басып шығару бағдарламасын орнатқаныңызды тексеріңіз. Мобильді басып шығару туралы қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз [www.hp.com/global/us/en/eprint/mobile\\_printing\\_apps.html](http://www.hp.com/global/us/en/eprint/mobile_printing_apps.html).
- Принтердің Wi-Fi Direct параметрі қосылғандығын тексеріңіз.
- Барлығы бес компьютер мен мобильді құрылғы бір Wi-Fi Direct байланысын пайдалана алады.
- Сондай-ақ, принтер USB кабелін пайдаланатын компьютерге немесе сымсыз байланыс арқылы желіге қосылып тұрғанда Wi-Fi Direct пайдалануға болады.
- Wi-Fi Direct интернетке компьютерді, мобильді құрылғыны немесе принтерді қоса алмайды.


## Wi-Fi Direct құрылғысын пайдалану нұсқаулықтары

- Компьютеріңіздің немесе мобильді құрылғыңыздың қажетті бағдарламалық құралы бар екенін тексеріңіз:
  - Егер компьютер қолданып жатқан болсаңыз, HP принтер бағдарлама жасақтамасы орнатылғанын тексеріңіз.



Егер HP принтерінің бағдарламалық құралы компьютерге орнатылмаған болса, алдымен Wi-Fi Direct байланысын қосып, принтердің бағдарламалық құралын орнатыңыз. Принтердің бағдарламалық құралы байланыс түрін сұраған кезде **Сымсыз** параметрін таңдаңыз.
  - Егер мобильді құрылғы пайдаланып жатқан болсаңыз, үйлесімді басып шығару бағдарламасын орнатқаныңызды тексеріңіз. Мобильді басып шығару туралы қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз [www.hp.com/global/us/en/eprint/mobile\\_printing\\_apps.html](http://www.hp.com/global/us/en/eprint/mobile_printing_apps.html).
- Принтердің Wi-Fi Direct параметрі қосылғандығын тексеріңіз.
- Барлығы бес компьютер мен мобильді құрылғы бір Wi-Fi Direct байланысын пайдалана алады.
- Сондай-ақ, принтер USB кабелін пайдаланатын компьютерге немесе сымсыз байланыс арқылы желіге қосылып тұрғанда Wi-Fi Direct пайдалануға болады.
- Wi-Fi Direct интернетке компьютерді, мобильді құрылғыны немесе принтерді қоса алмайды.

## Wi-Fi Direct функциясын қосу немесе өшіру

Принтердің басқару тақтасында **Wi-Fi Direct** түймесін () басыңыз.

- Wi-Fi Direct функциясы қосылған кезде **Wi-Fi Direct** шамы тұрақты жанып тұрады. Wi-Fi Direct атауы мен құпия сөзін табу мақсатында принтердің ақпараттық бетін басып шығару үшін, **Ақпарат** түймесін () басыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Wi-Fi Direct функциясын бірінші рет қосқан кезде принтер автоматты түрде Wi-Fi Direct нұсқаулығын басып шығарады. Нұсқаулықта Wi-Fi Direct функциясын пайдалану туралы нұсқаулар беріледі. Осыдан кейін Wi-Fi Direct нұсқаулығын басып шығару үшін, **Wi-Fi Direct** түймесі () мен **Ақпарат** түймесін () қатар басыңыз. Нұсқаулық барлық тілдерде қолжетімді болмауы мүмкін.

- Wi-Fi Direct функциясы өшкен кезде **Wi-Fi Direct** шамы да өшеді.
- Wi-Fi Direct шамының күйі туралы қосымша ақпарат алу үшін, [Басқару панелінің шамдары мен дисплей белгішелерінің күйі \(8-бет\)](#) бөлімін қараңыз.


## Wi-Fi Direct функциясын қолданатын, сымсыз байланысқа қосылатын мобильді құрылғыдан басып шығару

Мобильді құрылғыға HP баспы шығару қызметінің қосылатын модулінің ең соңғы нұсқасы орнатылғандығын тексеріңіз. Бұл қосылатын модульді Google Play бағдарламалар дүкенінен жүктеп алуға болады.

1. Принтердегі Wi-Fi Direct мүмкіндігі қосылғандығын тексеріңіз.
2. Мобильді құрылғыдағы Wi-Fi Direct функциясын қосыңыз. Қосымша ақпаратты мобильді құрылғымен бірге берілген құжаттан қараңыз.
3. Мобильді құрылғыдағы басып шығару қосылған бағдарламдан құжатты таңдап, құжатты басып шығару опциясын таңдаңыз.

Қолжетімді принтерлердің тізімі пайда болады.

4. Қолжетімді принтерлер тізімінен көрсетілген Wi-Fi Direct атауын таңдаңыз, мысалы DIRECT-\*\*-HP DeskJet 3630 series (бұл жерде \*\* принтерді анықтайтын бірегей таңбалар).

- Принтерге арналған Wi-Fi Direct байланысының қауіпсіздігі **Автоматты** (әдепкі параметр) болса, мобильді құрылғы принтерге автоматты түрде қосылып, басып шығару жұмысын жібереді.
- Принтерге арналған Wi-Fi Direct байланысының қауіпсіздігі **Қолмен реттелетін** болса, принтерге қосылу және басып шығару үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз.
  - Принтердің басқару тақтасындағы Wi-Fi Direct шамы жыпылықтап тұрса, **Wi-Fi Direct** түймесін () басыңыз. Шам жыпылықтауды тоқтатып, жанып тұрады.
  - Принтер PIN коды көрсетілген бетті басып шығарса, беттегі нұсқауларды орындаңыз.



**КЕҢЕС:** Принтерге арналған Wi-Fi Direct байланыс қауіпсіздігінің параметрін енгізілген веб-серверден (EWS) өзгертуге болады. Қосымша ақпарат алу үшін [Енгізілген веб-серверді ашу \(80-бет\)](#) бөлімін қараңыз.



## Wi-Fi Direct мүмкіндігін қолданбайтын сымсыз жұмыс істейтін мобильді құрылғыдан басып шығару

Мобильді құрылғыңызға үйлесімді басып шығару бағдарламасын орнатқаныңызды тексеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз [www.hp.com/global/us/en/eprint/mobile\\_printing\\_apps.html](http://www.hp.com/global/us/en/eprint/mobile_printing_apps.html).

1. Принтердегі Wi-Fi Direct мүмкіндігі қосылғандығын тексеріңіз.
2. Мобильді құрылғыдағы Wi-Fi байланысын қосыңыз. Қосымша ақпаратты мобильді құрылғымен бірге берілген құжаттан қараңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Мобильді құрылғыңыз Wi-Fi байланысын қолдамаса, Wi-Fi Direct мүмкіндігін пайдалану мүмкін емес.

3. Мобильді құрылғыдан жаңа желіге қосылыңыз. Әдетте жаңа сымсыз желі немесе қол жеткізу нүктесіне қосылу үшін пайдаланылатын процесті пайдаланыңыз. DIRECT-\*\*-HP DeskJet 3630 series сияқты көрсетілген сымсыз желілер тізімінен Wi-Fi Direct атауын таңдаңыз (бұл жердегі \*\* принтерді анықтау үшін берілген бірегей таңбалар болып табылады).

Сұралған болса, Wi-Fi Direct құпиясөзін енгізіңіз.

4. Құжатты басып шығарыңыз.

## Сымсыз жұмыс істейтін компьютерден басып шығару (Windows)

1. Принтердегі Wi-Fi Direct мүмкіндігі қосылғандығын тексеріңіз.
2. Компьютердің Wi-Fi байланысын қосыңыз. Қосымша ақпаратты компьютерде берілген құжаттан қараңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Компьютеріңіз Wi-Fi байланысын қолдамайтын болса, Wi-Fi Direct мүмкіндігін пайдалану мүмкін емес.

3. Компьютерден жаңа желіге қосылыңыз. Әдетте жаңа сымсыз желі немесе қол жеткізу нүктесіне қосылуға пайдаланылатын процесті пайдаланыңыз. DIRECT-\*\*-HP DeskJet 3630 series ретінде көрсетілген сымсыз желілердің тізімінен Wi-Fi Direct атауын таңдаңыз (\*\* белгісі - принтерді анықтайтын бірегей таңбалар және XXXX - принтерде орналасқан принтер моделі).

Сұралған кезде Wi-Fi Direct құпиясөзін енгізіңіз.

4. Егер принтер орнатылып сымсыз желі арқылы компьютерге қосылған болса, 5 қадамға өтіңіз. Егер принтер орнатылып компьютерге USB кабелі арқылы қосылған болса, HP Wi-Fi Direct қосылымын пайдаланатын принтер бағдарламалық жасақтамасы орнату үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- а. Операциялық жүйеге қарай келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

- **Windows 8.1:** Бастау терезесінің сол жақ төменгі бұрышындағы төмен көрсеткіні басып, принтер атауын таңдаңыз да, **Қызметтік бағдарламалар** түймесін басыңыз.
  - **Windows 8:** Бастау терезесіндегі бос орынды тінтуірдің оң жағымен басып, бағдарламалар жолағындағы **Барлық бағдарламалар** түймесін басып, **Қызметтік бағдарламалар** түймесін басыңыз.
  - **Windows 7, Windows Vista** және **Windows XP:** Компьютердің жұмыс үстелінде **Пуск** (Бастау) түймесін басыңыз, **Все программы** (Барлық бағдарламалар) белгішесін таңдаңыз, **HP** түймесін басып, принтердің қалтасын басыңыз.
- ә. **Настройка принтера и установка ПО** (Принтер параметрі және бағдарламалық құрылғыны орнату) түймесін басып, **Подключить новый принтер** (Жаңа принтер қосу) тармағын таңдаңыз.
  - б. **Параметры подключения** (Байланыс параметрлері) бағдарламалық жасақтама экраны пайда болған кезде **Беспроводной** (Сымсыз) параметрін таңдаңыз.  
  
Анықталған принтерлердің тізімінен HP принтерінің бағдарламалық құралын таңдаңыз.
  - в. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
5. Құжатты басып шығарыңыз.


#### Сымсыз жұмыс істейтін компьютерден басып шығару (OS X)

1. Принтердегі Wi-Fi Direct мүмкіндігі қосылғандығын тексеріңіз.
2. Компьютердегі Wi-Fi желісін қосыңыз.  
  
Қосымша ақпаратты Apple компаниясы берген құжаттан қараңыз.
3. Wi-Fi белгішесін басып, Wi-Fi Direct атауын таңдаңыз, мысалы, DIRECT-\*\*-HP DeskJet 3630 series (\*\* – принтерді анықтайтын бірегей таңбалар және XXXX - принтерде орналасқан принтер моделі).  
  
Егер Wi-Fi Direct мүмкіндігі қауіпсіздікпен қосылған болса, онда ұсынылған кезде құпия сөзді енгізіңіз.
4. Принтерді қосыңыз.
  - а. **Жүйе параметрлері** ашыңыз.
    - ә. Операциялық жүйеге байланысты **Print & Fax** (Басып шығару, Факс), **Print & Scan** (Принтер, Сканерлеу) түймесін немесе **Аппараттық құрал** бөліміндегі **Принтерлер және сканерлер** түймесін басыңыз.
    - б. Сол жақтағы принтерлердің тізімінен төмендегі + түймесін басыңыз.
    - в. Бүлінген принтерлер тізімінен принтерді таңдаңыз, (“Bonjour” сөзі принтер атауының жанындағы оң жақ бағанында тізімде берілген), және **Прибавить** (Қосу) пәрменін басыңыз.

## Сымсыз қосылым параметрлері

Принтердің сымсыз байланысын орнатуға және басқаруға және әр түрлі желі басқару тапсырмаларын орындауға болады. Оған желі параметрлері, сымсыз функцияны қосу немесе өшіру және сымсыз байланыс параметрлерін өзгерту туралы басып шығару мәліметтері кіреді.

### Принтердегі сымсыз байланыс мүмкіндігін қосу немесе өшіру

Принтердің сымсыз байланыс мүмкіндіктерін қосу немесе өшіру үшін, **Сымсыз** түймесін () басыңыз.

- Принтер сымсыз байланыс желісіне қосылса, **Сымсыз** шамы күңгірт көк түспен жанады және принтер дисплейі **Сымсыз** белгішесі мен **Сигнал жолақтары** белгішесін көрсетеді.
- Егер сымсыз байланыс өшірілсе, **Сымсыз** шамы өшеді.
- Сымсыз байланыстың күйі туралы қосымша ақпарат алу үшін [Басқару панелінің шамдары мен дисплей белгішелерінің күйі \(8-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

### Сымсыз байланысты тексеру есебі мен желінің конфигурация бетін басып шығару

**Сымсыз** түймесі () мен **Ақпарат** түймесін () бір уақытта басыңыз.

- Сымсыз желіні тексеру есебінде сымсыз желі күйі және сымсыз байланыс сигналының күші үшін диагностикалық нәтижелер, сондай-ақ анықталған желілер туралы ақпарат және басқа да мәліметтер көрсетіледі.
- Желі конфигурациясының бетінде желі күйі, хост атауы, желі атауы және басқа да мәліметтер көрсетіледі.

### Сымсыз желі параметрлерін өзгерту (Windows)



Бұл әдіс принтер бағдарламалық жасақтамасы орнатылған болса ғана қол жетімді.



**ЕСКЕРТПЕ:** Бұл әдіс USB кабелін қажет етеді. USB кабелін бағдарламалық құрал сұрамайынша қоспаңыз.

1. HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\) \(26-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
2. принтер бағдарламалық жасақтамасы бөлімінде **Қызметтік бағдарламалар** түймесін басыңыз.
3. **Принтерді және бағдарламалық жасақтаманы орнату** параметрін таңдаңыз.
4. **Сымсыз қосылым параметрлерін қайта теңшеу** пәрменін таңдаңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

### Желі параметрлерін әдепкі параметрлерге қою

- Принтердің басқару тақтасындағы **Сымсыз** түймесі () мен **Отмена (Болдырмау)** түймесін () бір уақытта басып, үш секунд ұстап тұрыңыз.

# Принтерді USB кабелімен компьютерге жалғау (желі байланысы емес)

Принтер компьютерге қосылу үшін жоғары жылдамдықты артқы USB 2.0 портына қолданады.

## Принтердің USB кабелімен қосу

1. принтер бағдарламалық жасақтамасы бағдарламасын жүктеп алу және орнату үшін, [123.hp.com](http://123.hp.com) веб-сайтына өтіңіз.



**ЕСКЕРТПЕ:** USB кабелін принтерге нұсқау берілгенше жалғамаңыз.

2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Сізге ұсынылғанда **USB** экранының **Қосылым параметрлері** таңдап құрылғыны компьютерге қосыңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

принтер бағдарламалық жасақтамасы орнатылса, принтер «қосу және жұмыс істеу» құрылғысы ретінде жұмыс істейді.

## USB қосылымын сымсыз желі қосылымына өзгерту

Егер алдымен принтерді орнатып, USB кабелімен принтерді компьютерге тікелей жалғау арқылы бағдарламаны орнатқан болсаңыз, сымсыз қосылымға оңай ауысуға болады. Сымсыз маршрутизаторды немесе кіру нүктесін қамтитын 802.11b/g/n сымсыз желісі қажет болады.



**ЕСКЕРТПЕ:** Принтер 2,4 Гц пайдаланатын байланыстарды ғана қолдайды.

USB қосылымынан сымсыз желіге өзгертуден бұрын келесі әрекеттерге көз жеткізіңіз:

- Кабельді ажырату сұралмайынша, принтер компьютерге USB кабелі арқылы қосылады.
- Принтерді орнатқыңыз келетін компьютер сымсыз желіге қосылды.

### USB байланысынан сымсыз байланыс желісіне ауыстыру (Windows)


1. HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\) \(26-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
2. принтер бағдарламалық жасақтамасы бөлімінде **Қызметтік бағдарламалар** түймесін басыңыз.
3. **Принтерді және бағдарламалық жасақтаманы орнату** параметрін таңдаңыз.
4. **Изменить USB-подключение принтера на беспроводное** (Принтердің USB қосылысын сымсыз қосылысына ауыстыру) тармағын таңдаңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


### USB қосылымын (OS X) сымсыз желіге өзгерту

1. Принтерді сымсыз желіге қосыңыз.
2. Бұл принтердің бағдарламалық құрал қосылымын сымсыз қосылым түріне өзгерту үшін **Applications (Бағдарламалар)/Hewlett-Packard/Device Utilities** (Құрылғылар утилиталары) тармақтарын таңдау арқылы **HP Setup Assistant** (HP орнату көмекшісін) пайдаланыңыз.

# Принтердің қосымша бақару құралдары (желілік принтерлер үшін)

Принтер желіге қосылған кезде, күй туралы ақпаратты көру, параметрлерді өзгерту және оны компьютерден басқару үшін принтердің енгізілген веб-серверін (EWS) пайдалануға болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Интернетке қосылым болмаса да, енгізілген веб-серверді ашуға және қолдануға болады. Дегенмен, кейбір мүмкіндіктер қолданыста болмайды.



 **ЕСКЕРТПЕ:** Кейбір параметрлерді көру немесе өзгерту үшін, сізге құпиясөз қажет болуы мүмкін.

- [Енгізілген веб-серверді ашу](#)
- [«Cookie» файлдары туралы](#)

## Енгізілген веб-серверді ашу

Енгізілген веб-серверді ашу үшін, келесі жолдардың бірін пайдалана аласыз.

### Желі арқылы енгізілген веб-серверді ашу



1. Желінің конфигурация бетін басып шығару үшін, принтердің басқару тақтасындағы **Сымсыз** түймесі () мен **Ақпарат** түймесін () басып шығарыңыз.
2. Желі конфигурациясы бетінен принтердің IP мекенжайын немесе хост атауын табыңыз.
3. Компьютердегі қолдау көрсетілетін веб-шолғышта принтерге тағайындалған IP мекенжайды немесе торап атауын енгізіңіз.

Мысалы, IP мекенжайы 192.168.0.12 болса, келесі мекенжайды веб-шолғышқа енгізіңіз: <http://192.168.0.12>.

### HP принтер бағдарламалық жасақтамасы құралынан енгізілген веб-серверді ашу (Windows)

1. принтер бағдарламалық жасақтамасы бөлімін ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\) \(26-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
2. **Басып шығару және сканерлеу**, кейін **Принтердің басты беті (EWS)** түймелерін басыңыз.

### Wi-Fi Direct арқылы енгізілген веб-серверді ашу

1. Wi-Fi Direct шамы өшірулі тұрса, оны қосу үшін **Wi-Fi Direct** түймесін () басыңыз. Wi-Fi Direct атауы мен құпия сөзін табу мақсатында принтердің ақпараттық бетін басып шығару үшін, **Ақпарат** түймесін () басыңыз.
2. Сымсыз компьютерден сымсыз қосылымды қосып іздеңіз және Wi-Fi Direct атауына қосылыңыз, мысалы: DIRECT-\*\*-HP DeskJet 3630 series. Сұралған болса, Wi-Fi Direct құпиясөзін енгізіңіз.
3. Компьютеріңіздегі қолдау көрсетілетін веб-браузерге келесі мекенжайды енгізіңіз: <http://192.168.223.1>.

## «Cookie» файлдары туралы

Енгізілген веб-сервер шолуды орындап жатқан кезде қатты дискіге өте кішкентай мәтін файлдарын (cookie) орналастырады. Осы файлдар келесіде кіргенде ендірілген веб-сервердің компьютерді тануына мүмкіндік береді. Мысалы, енгізілген веб-сервердің тілін теңшеген болсаңыз, «cookie» файлдары келесі рет енгізілген веб-серверге кіргенде, беттер сол тілде көрсетілуі үшін таңдалған тілді есте сақтауға көмектеседі. Кейбір «cookie» файлдарын (мысалы, тұтынушы белгілеген параметрлермен сақталатын «cookie» файлдары) қолмен жоймайынша компьютерде сақталады.

Шолғышты барлық «cookie» файлдарын қабылдау үшін теңшейтін етіп немесе қайсы «cookie» файлдарын қабылдау немесе қабылдамау қажеттігін шешуге мүмкіндік беретін, әрбір «cookie» файлы ұсынылған кезде ескертілетін етіп теңшеуге болады. Қажетсіз «cookie» файлдарын жою үшін шолғышты да пайдалануға болады.



**ЕСКЕРТПЕ:** Принтерге байланысты «cookie» файлдарын ажырататын болсаңыз, келесі мүмкіндіктердің бірін немесе бірнешеуін ажыратуға болады:

- Бағдарламаны шыққан жерден бастау (әсіресе орнату шеберлерін қолданғанда пайдалы)
- Ендірілген веб-сервер шолғышы тілінің параметрін есте сақтау
- EWS Главная (Басты) бетін жекелеу

Құпиялылықты және «cookie» файлының параметрлерін өзгерту әдісі және «cookie» файлдарын қарап шығу немесе жою жолы туралы қосымша ақпаратты веб-шолғышта қол жетімді құжаттамадан қараңыз.

# Желілік принтерді орнату және пайдалану туралы кеңестер

Желілік принтерді орнату және пайдалану үшін келесі кеңестерді пайдаланыңыз.

- Сымсыз желілік принтерді орнатқан кезде сымсыз маршрутизатор немесе кіру нүктесі қосылғанына көз жеткізіңіз. Принтер сымсыз маршрутизаторды іздеп, анықталған желі атауларын компьютерге тізімдейді.
- Компьютер Виртуалды жеке желіге (VPN) қосылса, желідегі басқа кез келген құрылғыға, сондай-ақ принтерге қосылудан бұрын VPN желісін өшіру қажет.
- Желіні және принтерді сымсыз басып шығаруға теңшеу туралы қосымша мәліметтер. [Қосымша ақпарат үшін желіге өту мақсатында осы жерді басыңыз.](#)
- Желінің қауіпсіздік параметрлерін қалай табу керектігін үйреніңіз. [Қосымша ақпарат алу үшін желіге өту мақсатында осы жерді басыңыз.](#)
- HP Print and Scan Doctor құралы туралы қосымша ақпарат алыңыз. [Қосымша ақпарат үшін желіге өту мақсатында осы жерді басыңыз.](#)



---

**ЕСКЕРТПЕ:** Бұл қызметтік бағдарлама Windows операциялық жүйесін үшін ғана қолжетімді.

---

- USB түрінен сымсыз қосылым түріне қалай өзгерту керектігін үйреніңіз. [Қосымша ақпарат алу үшін желіге өту мақсатында осы жерді басыңыз.](#)
- Принтерді орнату кезінде желіаралық қорғау құрылғысымен және антивирустық бағдарламалармен қалай жұмыс істеуді үйреніңіз. [Қосымша ақпарат алу үшін желіге өту мақсатында осы жерді басыңыз.](#)



---

## 8 Мәселені шешу

Осы бөлімде төмендегідей тақырыптар бар:

- [Кептелістер және қағаз беру құралының ақаулары](#)
- [Сия картриджіндегі ақаулар](#)
- [Басып шығару ақаулары](#)
- [Көшіру ақаулары](#)
- [Сканерлеу ақаулары](#)
- [Желі және байланыс ақаулары](#)
- [Принтер жабдығының ақаулары](#)
- [Басқару тақтасындағы қате кодтары](#)
- [HP қолдау қызметі](#)

# Кептелістер және қағаз беру құралының ақаулары

Не істегіңіз келеді?

## Қағаз кептелістерінен тазалау

<a href="#">Қағаз кептелісі ақауларын жойыңыз.</a>	HP ақауды онлайн жою шеберін пайдалану Қағаз кептелістерін жою және қағазға не қағаз беру механизміне қатысты мәселелерді шешу бойынша нұсқаулар.
--	--


 **ЕСКЕРТПЕ:** HP ақауды онлайн жою шеберлері барлық тілдерде қол жетімді болмауы мүмкін.

## Қағаз кептелулерін тазалау үшін Анықтамадағы жалпы нұсқауларды оқу


Қағаз кептелістері бірнеше орында болуы мүмкін.

### Кіріс науасындағы қағаз кептелісін тазалау

1. Кептелісті автоматты түрде жою үшін, **Отмена (Болдырмау)** түймесін (✗) басыңыз. Бұл көмектеспесе, кептелісті қолмен тазалауға арналған келесі қадамдарды орындаңыз.
2. Кептелген қағазды кіріс науасынан ақырын шығару



3. Қағаз жолында басқа заттар жоқ екендігін тексеріп, қағазды қайта салыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Кіріс науасының қалқаны қағаз кептелісіне әкелетін қалдықтардың қағаз жолына түсуінен қорғайды. Кіріс науасының қалқанын алмаңыз.


4. Ағымдағы жұмысты жалғастыру үшін басқару тақтасындағы **Жалғастыру** түймесін (📄) басыңыз.

### Шығыс науасындағы қағаз кептелісін тазалау



1. Кептелісті автоматты түрде жою үшін, **Отмена (Болдырмау)** түймесін (✗) басыңыз. Бұл көмектеспесе, кептелісті қолмен тазалауға арналған келесі қадамдарды орындаңыз.

2. Кептелген қағазды шығыс науасынан ақырын шығарыңыз.




3. Ағымдағы жұмысты жалғастыру үшін басқару тақтасындағы **Жалғастыру** түймесін (  ) басыңыз.

### Картридждің кіру аймағынан қағаз кептелісін тазалау

1. Кептелісті автоматты түрде жою үшін, **Отмена (Болдырмау)** түймесін (  ) басыңыз. Бұл көмектеспесе, кептелісті қолмен тазалауға арналған келесі қадамдарды орындаңыз.
2. Кептелген қағазды алыңыз.
  - а. Принтерді өшіру үшін **Қуат** түймесін (  ) басыңыз.
  - ә. Шығыс науасының ұзартқышын жауып, шығыс науасын принтерге салу үшін, оны сағат тілінің бағымен айналдырыңыз.




- б. Принтердің алдыңғы есігін ашыңыз.




- в. Сия картриджына қол жеткізу есігін ашыңыз.

- г. Басып шығару картриджі принтердің ортасында болса, оны оңға қарай жылжытыңыз.



- ғ. Кептелген қағазды алыңыз.



- д. Картриджді алу есігін, кейін алдыңғы есікті жабыңыз.

- е. Шығыс науасы мен науа ұзартқышын алыңыз.




3. Принтерді қосу үшін **Қуат** түймесін (⏻) басыңыз.


### Принтердегі қағаз кептелісін тазалау

1. Кептелісті автоматты түрде жою үшін, **Отмена (Болдырмау)** түймесін (✗) басыңыз. Бұл көмектеспесе, кептелісті қолмен тазалауға арналған келесі қадамдарды орындаңыз.
2. Принтерді өшіру үшін **Қуат** түймесін (⏻) басыңыз.


3. Принтерді аударып, принтердің төменгі жағындағы тазарту есігін тауып алыңыз да, оны ашу үшін тазарту есігіндегі екі ілмекті тартыңыз.



4. Кептелген қағазды алып тастаңыз.



5. Тазалауға арналған есікті жабыңыз. Екі ілмек орнына сырт етілгенше есікті принтерге қарай итеріңіз.



6. Принтерді қосу үшін, оны қайта аударып, **Қуат** түймесін (🔌) басыңыз.

## Принтер кареткасының кептелісін тазалау

[Принтер кареткасының кептеліс мәселесін шешу](#)

HP ақауды онлайн жою шеберін пайдалану

Егер бір нәрсе принтер кареткасына кедергі келтіріп тұрса немесе ол оңай жылжымаса, қадамдық нұсқауларды орындаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** HP ақауды онлайн жою шеберлері барлық тілдерде қол жетімді болмауы мүмкін.

## Басып шығару кареткасының кептелулерін тазалау үшін Анықтамадағы жалпы нұсқауларды оқу

- ▲ Басып шығару кареткасын бұғаттайтын қағаз сияқты заттарды алыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Кептелген қағазды алып тастау үшін кез келген құралды немесе басқа құрылғыларды пайдаланбаңыз. Принтер ішінен кептелген қағазды алғанда әрқашан сақ болыңыз.

## Қағаз кептелістерін болдырмау әдісі

Қағаз кептелістерінен құтылу мақсатында көмек алу үшін осы нұсқауларды орындаңыз.

- Кіріс науасын шамадан тыс толтырмаңыз.
- Басып шығарылған қағаздарды жайлап шығыс науасынан алып тастаңыз.
- Кіріс науасына салынған қағаздардың тегіс орналасқанына және ұштары бүгілмегеніне немесе жыртылмағанына көз жеткізіңіз.
- Кіріс науасында әртүрлі қағаз түрлерін және қағаз өлшемдерін біріктірмеңіз; кіріс науасындағы қағаздың барлығы бірдей өлшемде және түрде болуы қажет.
- Барлық қағаздарға нық сәйкестендіру үшін кіріс науасындағы қағаз енінің бағыттауыштарын сәйкестендіріңіз. Кіріс науасындағы қағазды қағаз енінің бағыттауыштары майыстырмайтынын тексеріңіз.
- Қағазды кіріс науасының ішіне қатты итермеңіз.
- Принтер басып шығарып жатқанда қағазды жүктемеңіз. Принтерде қағаз бітейін деп тұрса, алдымен принтердің қағаздың қалғанын қолданып болғанша күтіп, одан кейін қағазды қосыңыз.

## Қағаз беру ақауларын шешу

Сізде қандай мәселе бар?

- **Қағаз кіріс науасынан алынбайды**
  - Кіріс науасына қағаз салынғандығын тексеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін [Медиа құралын салу \(17-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
  - Барлық қағаздарға нық сәйкестендіру үшін кіріс науасындағы қағаз енінің бағыттауыштарын сәйкестендіріңіз. Кіріс науасындағы қағазды қағаз енінің бағыттауыштары майыстырмайтынын тексеріңіз.
  - Кіріс науасындағы қағаздың бұратылып қалмағанын тексеріңіз. Қағаздың бұралған жағын қарсы бағытта майыстырып, оны түзетіңіз.
- **Беттер жылжып кеткен**
  - Қағаз кіріс науасының оң жақ шетіне салынғандығын және қағаз енінің бағыттауышы қағаздың сол жақ шетіне сай келетіндігін тексеріңіз.
  - Қағазды принтерде басып шығару процесі жүріп жатпағанда салыңыз.
- **Бірнеше бет алынып жатыр**
  - Барлық қағаздарға нық сәйкестендіру үшін кіріс науасындағы қағаз енінің бағыттауыштарын сәйкестендіріңіз. Кіріс науасындағы қағазды қағаз енінің бағыттауыштары майыстырмайтынын тексеріңіз.
  - Кіріс науасына өте көп қағаз салынбағандығын тексеріңіз.
  - Салынған қағаздың бөліктері бір-бірімен байланыспайтындығын тексеріңіз.
  - Жақсы әрі тиімді жұмыс істеу үшін HP қағазын пайдаланыңыз.

# Сия картридждіңдегі ақаулар

## Сия картридждіңе қатысты мәселе бар-жоғын анықтау

Сия картридждіңе қатысты мәселе бар-жоғын анықтау үшін, **Сия ескертуі** шамы мен тиісті **Сия деңгейі** белгішесінің күйін тексеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін [Басқару панелінің шамдары мен дисплей белгішелерінің күйі \(8-бет\)](#) бөлімін қараңыз.


Бағдарламалық құралда кемінде бір картридждіңе қатысты мәселе бар екендігін көрсететін хабарды алсаңыз, картридждіңе қатысты мәселе бар-жоғын анықтау үшін, келесі әрекетті орындаңыз.

1. Қара картриджді алып тастап, картридждіңе кіру есігін жабыңыз.
  - Үш түсті картридждің **Сия деңгейі** белгішесі жыпылықтаса, бұл үш түсті картридждің мәселе бар екендігін білдіреді.
  - Егер үш түсті картридждің **Сия деңгейі** белгішесі жыпылықтамаса, бұл үш түсті картридждің мәселе жоқ екендігін білдіреді.
2. Қара картриджді принтерге қайта салып, үш түсті картриджді алыңыз да, картриджді алу есігін жабыңыз.
  - Қара картридждің **Сия деңгейі** белгішесі жыпылықтаса, бұл қара картридждің мәселе бар екендігін білдіреді.
  - Егер қара картридждің **Сия деңгейі** белгішесі жыпылықтамаса, бұл қара картридждің мәселе жоқ екендігін білдіреді.

## Сия картридждіңе қатысты мәселені шешу

Картриджді салғаннан кейін қате немесе картридждіңе қатысты мәселені көрсететін хабар пайда болса, сия картридждің алып, әр сия картридждіңде пластмасса таспаның қорғаныш бөлігі жоқ екендігін тексеріңіз де, сия картридждерін қайта салыңыз. Бұл жұмыс істемесе, картридждің контактілерін тазалаңыз. Егер мәселе әлі шешілмесе, сия картридждерін ауыстырып көріңіз. Сия картридждерін ауыстыру туралы ақпарат алу үшін [Сия картридждерін ауыстыру \(62-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

### Сия картридждіңің түйіспелерін тазалау


 **ЕСКЕРТУ:** Тазалау процесі бірнеше минутты ғана алады. Сия картридждерінің принтерге тез арада қайта орнатылуын қамтамасыз етіңіз. Сия картридждерін құрылғының сыртында 30 минуттан көп уақыт бойы қалдыру ұсынылмайды. Бұл басып шығару механизміне және сия картридждіңе зақым келтіруі мүмкін.

1. Қуат қосұлы тұрғанын тексеріңіз.


2. Шығыс науасының ұзартқышын жауып, шығыс науасын принтерге салу үшін, оны сағат тілінің бағымен айналдырыңыз.




3. Принтердің алдыңғы есігін ашыңыз.



4. Картридж есігін ашып, басып шығару жылжымасының принтердің ортасына өткенін күтіңіз.



5. Ақау хабарында көрсетілген картриджді шығарыңыз.




6. Картридж бен принтер байланыстарын тазалаңыз.

- а. Сия картриджының астын жоғары қаратып екі жағынан ұстаңыз және сия картриджының электр түйіспелерін табыңыз.

Электрлі контактілер - сия картриджіндегі алтын түсті нүктелер.






- ә. Түйіспелерді құрғақ мақтаны немесе түксіз шүберекпен сүртіңіз.

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Абай болыңыз, тек контактілерді сүртіңіз және сияны немесе басқа бөтен заттарды картридждің басқа жеріне жақпаңыз.

- б. Құрылғының ішкі жағында басып шығару механизміндегі түйіспелерді табыңыз.

Принтер түйіспелері - сия картриджіндегі түйіспелерге сәйкес орналастырылған алтын түсті дөңестіктер.



- в. Түйіспелерді сүрту үшін құрғақ мақтаны немесе түксіз шүберекті пайдаланыңыз.

7. Сия картриджын қайта орнатыңыз.

8. Картриджді алу есігін, кейін алдыңғы есікті жабыңыз.

9. Қате туралы хабардың кеткендігін тексеріңіз. Қате туралы хабар алсаңыз, принтерді өшіріп қосыңыз.

**📝 ЕСКЕРТПЕ:** Егер бір картрижде мәселе туындаса, оны алып тастап, принтерді бір картриджбен пайдалану үшін, жалғыз картриджді режимді қосыңыз.

## Картридждің үйлесімділігіне қатысты мәселелерді шешу

Сия картриджы принтерге сәйкес келмейді. HP Instant Ink бағдарламасына тіркелмеген принтерге HP Instant Ink картриджын орнатсаңыз, осы қате болуы мүмкін. Сонымен қатар, HP Instant Ink картриджі HP Instant Ink бағдарламасына тіркелген басқа принтерде пайдаланылған болса, осы қате болуы мүмкін.

# Басып шығару ақаулары

Не істегіңіз келеді?

## Мәселелерді басып шығарылмайтын (басып шығару келмейтін) қағазбен түзету

<a href="#">HP Print and Scan Doctor</a>	HP Print and Scan Doctor - ақауды автоматты диагностикадан өткізіп және түзетін көретін утилита. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Бұл қызметтік бағдарлама Windows операциялық жүйесін үшін ғана қолжетімді.
<a href="#">Басып шығарылмайтын басып шығару жұмыстары мәселелерін шешіңіз.</a>	HP ақауды онлайн жою шеберін пайдалану Принтер жауап бермесе немесе басып шығармаса, қадамдық нұсқауларды орындаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** HP Print and Scan Doctor және HP ақауды онлайн жою шеберлері барлық тілдерде қол жетімді болмауы мүмкін.

## Басып шығару ақаулары үшін Анықтамадағы жалпы нұсқауларды оқу

### Басып шығару мәселелерін шешу (Windows)

Принтер қосулы екенін және қағаз науасында қағаз бар екенін тексеріңіз. Егер әлі басып шығару мүмкін болмаса, төмендегі әрекеттерді мына кезекте орындаңыз:

1. Қате хабарын принтер бағдарламалық жасақтамасы ішінде тексеріп және оларды экрандағы нұсқаулықтарына қарап шешу.
2. Егер принтерге компьютер USB кабелі арқылы қосылса, USB кабелін өшіріп және қайта қосыңыз. Егер принтерге компьютер сымсыз қосылым арқылы қосылса, қосылым жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
3. Құрылғы тоқтатылмағанын немесе желіге қосылмағанын растаңыз.

#### Құрылғы тоқтатылмағанын немесе желіге қосылмағанын растау үшін

- а. Операциялық жүйеге қарай келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
  - **Windows 8.1** және **Windows 8:** Шебер түймелер тақтасын ашу үшін экранның жоғарғы оң жақ бұрышына меңзеңіз немесе түртіңіз, **Параметрлер** белгішесін басыңыз, **Басқару тақтасын** басыңыз немесе түртіңіз, содан соң **Құрылғылар мен принтерлерді қарау** тақтасын басыңыз немесе түртіңіз.
  - **Windows 7:** Windows жүйесінің **Пуск** (Бастау) мәзірінен **Устройства и принтеры** (Құрылғылар және принтерлер) пәрменін басыңыз

- **Windows Vista:** Windows жүйесінің **Пуск** (Бастау) мәзіріндегі **Панель управления** (Басқару тақтасы) параметрін басып, **Принтеры** (Принтерлер) түймешігін басыңыз.
  - **Windows XP:** Windows жүйесіндегі **Пуск** (Бастау), **Панель управления** (Басқару тақтасы), **Принтеры и факсы** (Принтерлер және факстар) тармақтарын таңдаңыз.
- ә. Құрылғы белгішесін екі рет басыңыз немесе құрылғы белгішесін тінтуірдің оң жағымен басыңыз және басып шығару кезегін ашу үшін **Басылып шығарылғандарды көру** параметрін таңдаңыз.
  - б. **Принтер** мәзірінде **Басып шығаруды тоқтату** немесе **Принтерді желіге қоспай пайдалану** параметрлерінің жанына белгі қойылғанына көз жеткізіңіз.
  - в. Егер кез келген өзгертулер енгізілген болса, қайта басып шығаруға әрекет жасаңыз.
4. Құрылғы әдепкі принтер деп орнатылғанын тексеріңіз.

#### Құрылғы әдепкі принтер деп орнатылғанын тексеру үшін

- а. Операциялық жүйеге қарай келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
    - **Windows 8.1** және **Windows 8:** Шебер түймелер тақтасын ашу үшін экранның жоғарғы оң жақ бұрышына меңзеңіз немесе түртіңіз, **Параметрлер** белгішесін басыңыз, **Басқару тақтасын** басыңыз немесе түртіңіз, содан соң **Құрылғылар мен принтерлерді қарау** тақтасын басыңыз немесе түртіңіз.
    - **Windows 7:** Windows жүйесінің **Пуск** (Бастау) мәзірінен **Устройства и принтеры** (Құрылғылар және принтерлер) пәрменін басыңыз
    - **Windows Vista:** Windows жүйесінің **Пуск** (Бастау) мәзіріндегі **Панель управления** (Басқару тақтасы) параметрін басып, **Принтеры** (Принтерлер) түймешігін басыңыз.
    - **Windows XP:** Windows жүйесіндегі **Пуск** (Бастау), **Панель управления** (Басқару тақтасы), **Принтеры и факсы** (Принтерлер және факстар) тармақтарын таңдаңыз.
  - ә. Әдепкі принтер ретінде дұрыс құрылғы орнатылғанына көз жеткізіңіз.  
Әдепкі принтердің жанында қара немесе жасыл дөңгелекке белгі қойылған.
  - б. Басқа құрылғы әдепкі принтер ретінде орнатылса, дұрыс құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз және **Әдепкі принтер ретінде орнату** параметрін таңдаңыз.
  - в. Принтерді қайтадан қолданып көріңіз.
5. Принтердегі спулер бағдарламасын қайта іске қосыңыз.

#### Принтердегі спулер бағдарламасын қайта іске қосу

- а. Операциялық жүйеге қарай келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

##### Windows 8.1 және Windows 8

- i. Charms bar тақтасын ашу үшін экранның жоғары оң жағын көрсетіңіз немесе түртіңіз және содан кейін **Параметры** (Параметрлер) белгішесін басыңыз.
- ii. **Панель управления** (Басқару панелі) түймешігін басыңыз немесе түртіңіз және **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) түймешігін басыңыз немесе түртіңіз.

- iii. **Инструменты администрирования** (Әкімшілік құралдар), түймешігін басыңыз немесе түртіңіз және содан кейін **Службы** (Қызметтер) белгішесін екі рет басыңыз немесе түртіңіз.
- iv. **Принтердегі спулер бағдарламасы** түймешігінің үстінен тінтуірдің оң жағымен басып ұстап тұрыңыз және **Сипаттар** түймешігін басыңыз.
- v. **Жалпы** қойындысындағы **Іске қосу түрі** параметрінің жанында **Автоматты** параметрі таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- vi. Қызмет іске қосылмаған болса, **Қызмет күйі** астындағы **Бастау** түймешігін басыңыз немесе түртіңіз, кейін **ОК** түймешігін басыңыз немесе түртіңіз.

#### Windows 7

- i. Windows жүйесіндегі **Бастау** мәзіріндегі **Басқару тақтасы, Жүйе** және қауіпсіздік түймешігін басып, **Әкімшілік құралдар** түймешігін басыңыз.
- ii. **Қызметтер** түймешігін екі рет басыңыз.
- iii. **Принтердегі спулер бағдарламасы** түймешігінің үстінен тінтуірдің оң жағымен басып, **Сипаттар** түймешігін басыңыз.
- iv. **Жалпы** қойындысындағы **Іске қосу түрі** параметрінің жанында **Автоматты** параметрі таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- v. Қызмет іске қосылмаған болса, **Қызмет күйі** астындағы **Бастау** түймешігін басыңыз, кейін **ОК** түймешігін басыңыз.

#### Windows Vista

- i. Windows жүйесіндегі **Бастау** мәзіріндегі **Басқару тақтасы, Жүйе және қызмет көрсету, Әкімшілік құралдар** түймешігін басыңыз.
- ii. **Қызметтер** түймешігін екі рет басыңыз.
- iii. **Принтердегі спулер қызметін** тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Сипаттар** түймешігін басыңыз.
- iv. **Жалпы** қойындысындағы **Іске қосу түрі** параметрінің жанында **Автоматты** параметрі таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- v. Қызмет іске қосылмаған болса, **Қызмет күйі** астындағы **Бастау** түймешігін басыңыз, кейін **ОК** түймешігін басыңыз.

#### Windows XP

- i. Windows жүйесіндегі **Бастау** мәзіріндегі **Менің компьютерім** қалтасын тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.
- ii. **Басқару** түймешігін басып, **Қызметтер және бағдарламалар** түймешігін басыңыз.

- iii. **Қызметтер** түймешігін екі рет басып, **Принтердегі спулер бағдарламасын** таңдаңыз.
  - iv. **Принтердегі спулер бағдарламасын** тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, қызметті қайта іске қосу үшін **Қайта іске қосу** түймешігін басыңыз.
  - ә. Әдепкі принтер ретінде дұрыс құрылғы орнатылғанына көз жеткізіңіз.  
Әдепкі принтердің жанында қара немесе жасыл дөңгелекке белгі қойылған.
  - б. Басқа құрылғы әдепкі принтер ретінде орнатылса, дұрыс құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз және **Әдепкі принтер ретінде орнату** параметрін таңдаңыз.
  - в. Принтерді қайтадан қолданып көріңіз.
6. Компьютерді қайта іске қосыңыз.
7. Басып шығару кезегін тазалау

#### Басып шығару кезегін тазалау үшін

- a. Операциялық жүйеге қарай келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
  - **Windows 8.1** және **Windows 8**: Шебер түймелер тақтасын ашу үшін экранның жоғарғы оң жақ бұрышына меңзеңіз немесе түртіңіз, **Параметрлер** белгішесін басыңыз, **Басқару тақтасын** басыңыз немесе түртіңіз, содан соң **Құрылғылар мен принтерлерді қарау** тақтасын басыңыз немесе түртіңіз.
  - **Windows 7**: Windows жүйесінің **Пуск** (Бастау) мәзірінен **Устройства и принтеры** (Құрылғылар және принтерлер) пәрменін басыңыз
  - **Windows Vista**: Windows жүйесінің **Пуск** (Бастау) мәзіріндегі **Панель управления** (Басқару тақтасы) параметрін басып, **Принтеры** (Принтерлер) түймешігін басыңыз.
  - **Windows XP**: Windows жүйесіндегі **Пуск** (Бастау), **Панель управления** (Басқару тақтасы), **Принтеры и факсы** (Принтерлер және факстар) тармақтарын таңдаңыз.
- ә. Басып шығару кезегін ашу үшін құрылғы белгішесін екі рет басыңыз.
- б. **Принтер** мәзірінде **Отменить все документы** (Барлық құжаттарды болдырмау) немесе **Очистить печать документа** (Баспа құжатын тазарту) тармағын таңдап, растау үшін **Да** (Иә) түймешігін басыңыз.
- в. Кезекте құжаттар бар болса, компьютерді қайта іске қосыңыз және компьютер қайта іске қосылғаннан кейін қайтадан басып шығарыңыз.
- г. Басып шығару кезегінің таза екеніне көз жеткізу үшін, оны қайтадан тексеріңіз және қайтадан басып шығарып көріңіз.

#### Басып шығару мәселелерін шешу (OS X)

1. Қате туралы хабарламалардың бар-жоғын тексеріп, ақаулықтарды жойыңыз.
2. USB кабелін ажыратыңыз және қайта қосыңыз.
3. Құрылғы тоқтатылмағанын немесе желіге қосылмағанын растаңыз.

## Құрылғы тоқтатылмағанын немесе желіге қосылмағанын растау үшін

- а. **Параметры системы** (Жүйе басылымдары) мәзірінен **Печать/Факс** (Басып шығару/факс) пәрменін таңдаңыз.
  - ә. **Открыть очередь печати (Басып шығару кезегін ашу)** түймешігін басыңыз.
  - б. Басып шығарылатын тапсырманы таңдаңыз.  
Басып шығарылатын тапсырманы басқару үшін, төмендегі түймешіктерді қолданыңыз:
    - **Удалить (Жою):** Таңдалған басып шығарылатын тапсырмадан бас тартыңыз.
    - **Ұстау:** Таңдалған басып шығарылатын тапсырманы тоқтатыңыз.
    - **Возобновить (Қалпына келтіру):** Кідірілген басып шығарылатын тапсырманы жалғастырыңыз.
    - **Принтерді тоқтату:** Басып шығару кезегіндегі барлық басып шығарылатын тапсырмаларды тоқтатыңыз.
  - в. Егер кез келген өзгертулер енгізілген болса, қайта басып шығаруға әрекет жасаңыз.
4. Компьютерді қайта іске қосыңыз.

## Басып шығару сапасының мәселелерін түзету

<a href="#">Көптеген басып шығару сапасы ақауларын шешуге арналған қадамдық нұсқаулар.</a>	Басып шығару сапасының мәселелерін онлайн шешу
--	--

## Басып шығару сапасы мәселелерін шешу үшін Анықтамадағы жалпы нұсқауларды оқу



**ЕСКЕРТПЕ:** Картридждердің өшіп қалуына жол бермеу үшін принтерді әрдайым **Қуат** түймесін басу арқылы өшіріңіз және **Қуат** түймесінің жарығы өшкенін күтіңіз.

### Басып шығару сапасын жақсарту (Windows)

1. HP компаниясының сия картридждерін пайдаланып отырғаныңызды тексеріңіз.
2. Бағдарламалық құралда **Медиа** ашылмалы тізімінен сәйкес қағаз түрін және **Quality Settings** (Сапа параметрлері) ашылмалы тізімінен басып шығару сапасын таңдағаныңызға көз жеткізу үшін тексеріңіз.  
принтер бағдарламалық жасақтамасы бағдарламасында басып шығару сипаттарына кіру үшін **Басып шығару және сканерлеу** түймесін басып, **Параметрлерді орнату** түймесін басыңыз.
3. Картридждердегі сия деңгейін тексеру үшін өлшенген сия деңгейлерін тексеріңіз.  
Қосымша ақпарат алу үшін [Өлшенген сия деңгейлерін тексеру \(60-бет\)](#) бөлімін қараңыз. Сия картридждерінде сия аз болса, оларды ауыстырған жөн.
4. Қағаз түрін тексеріңіз.  
Ең жақсы басып шығару сапасына қол жеткізу үшін, жоғары сапалы HP қағазын немесе ColorLok® стандартына сай келетін қағаздарды пайдаланыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Қағаз негізгілері \(23-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

Әрқашан басып шығарып жатқан қағаздың тегіс екенін тексеріңіз. Суреттерді басып шығарғанда жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін HP жетілдірілген фотосурет қағазын пайдаланыңыз.

Арнайы қағазды өз бумасында, жабық полиэтилен қалтасының ішіне салып, салқын, құрғақ, тегіс жерде сақтаңыз. Басып шығаруға дайын болғанда пайдалануды жоспарлаған қағазды ғана дереу шығарып алыңыз. Басып шығаруды аяқтағанда қолданылмаған фотосурет қағазын полиэтилен қалтасына салып қойыңыз. Бұл фотосурет қағазының шиыршықталып қалмауына мүмкіндік береді.

## 5. Сия картридждерін туралаңыз.

### Сия картридждерін туралау үшін

- a. Кіріс науасына хат немесе қолданылмаған қарапайым А4 ақ қағазды салыңыз.
- ә. принтер бағдарламалық жасақтамасы бөлімін ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\) \(26-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- б. принтер бағдарламалық жасақтамасы бағдарламасында **Басып шығару және сканерлеу** параметрін басып, принтер құралдар тақтасы параметріне кіру үшін **Обслуживание принтеров** (Принтерге қызмет көрсету) параметрін басыңыз.  
Принтердің құралдар тақтасы шығады.
- в. **Құрылғы қызметтері** қойындысында **Сия картридждарын туралау** параметрін басыңыз.  
Принтер туралау бетін басып шығарады.
- г. Картриджді туралау бетін басып шығарылатын жағын төмен қаратып сканер әйнегіне салу үшін, экрандағы нұсқауларды орындап, туралау бетін сканерлеу үшін, **Сканерлеу** түймесін басыңыз.  
Принтер картридждерді туралайды. Картридждың туралау парағын жойыңыз немесе алып тастаңыз.

## 6. Картридждер сиясы аз болса, диагностикалық бетті басып шығарыңыз.


### Диагностикалық бетті басып шығару

- a. Кіріс науасына хат немесе қолданылмаған қарапайым А4 ақ қағазды салыңыз.
- ә. принтер бағдарламалық жасақтамасы бөлімін ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\) \(26-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- б. принтер бағдарламалық жасақтамасы бағдарламасында **Басып шығару және сканерлеу** параметрін басып, принтер құралдар тақтасы параметріне кіру үшін **Обслуживание принтеров** (Принтерге қызмет көрсету) параметрін басыңыз.
- в. Диагностикалық бетті басып шығару үшін **Құрылғы туралы есептер** қойындысындағы **Диагностика туралы ақпаратты басып шығару** параметрін басып шығарыңыз.

- г. Диагностикалық беттегі көк, қызыл күрең, сары және қара қораптарды қарап шығыңыз.

### Print Quality Diagnostic

1. Ink levels are okay and should not cause print quality problems. See us genuine HP.
2. Check media and settings.  
PHOTOS: Use Best media and photo media.  
TEXT: Use Normal media and plain paper.
3. Check the color (dye) bars.  
COLOR COPY/PRINTERS: Run ALISON/PRINTER if standard, missing, or uneven color bars, or they appear too blocky.  
On the printer, Press SETUP, PRINTER MAINTENANCE, then CLEAN CARTRIDGES or ALISON/PRINTER.



4. Check the lines and bar below.  
ALISON/PRINTERS: Run ALISON/PRINTER if lines are streaked.  
On the printer, Press SETUP, PRINTER MAINTENANCE, then ALISON/PRINTER.



5. If the images above look okay, the printer appears to be working. For more help, go to [hp.com/support](http://hp.com/support).

7. Диагностикалаық бет жолақтарды немесе түсті жне қара ұяшықтардың қалған бөліктерін көрсетсе сия картриджін тазалаңыз.

### Сия картридждерін тазалау

- а. Кіріс науасына хат немесе қолданылмаған қарапайым А4 ақ қағазды салыңыз.
- ә. принтер бағдарламалық жасақтамасы бөлімін ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\) \(26-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- б. принтер бағдарламалық жасақтамасы бағдарламасында **Басып шығару және сканерлеу** параметрін басып, **Принтер құралдар тақтасы** параметріне кіру үшін **Принтерге қызмет көрсету** параметрін басыңыз.
- в. **Құрылғы қызметтері** қойындысында **Сия картридждарын тазалау** параметрін басыңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

### Басып шығару сапасын жақсарту (OS X)

1. Түпнұсқалық HP картридждарын пайдаланып отырғаныңызға көз жеткізіңіз.
2. **Басып шығару** диалогтық терезесінен сәйкес қағаз түрін және басып шығару сапасын таңдағаныңызға көз жеткізіңіз.



